



ҚАЗАҚСТАН –  
ЕШКІМГЕ ТӘУЕЛСІЗ,  
ЕГЕМЕН ЕЛ

2-бет



ХАЛЫҚТЫҢ  
НЕСИЕСІ  
КЕШІРИЛЕ МЕ?

2-бет



АЗАМАТТЫҚ  
ТУЫН ЖЫҚПАҒАН

5-бет

# ҚАЗАҚ УНІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№48 (1023) 28.11.2022 жыл



Әкім ТАРАЗИ:

## ДОСТАРЫМДЫ МЕН ӨЗІМ ТАҢДАДЫМ

Қазақ қаламгерлерінің ішінде өмірдегі һәм өнернамадағы мінезі де, мәнері де өзгеше жазушы Әкім Тарази ағамыз екендігіне ешкім шүбә келтіре қоймас. Кезінде әдебиет саласындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері атануы да әбден заңды құбылыс еді.

8-9  
бет

# ҚҰМАР ОЙЫН БИЗНЕСІ – АТА-БАБАМЫЗДАН ҚАЛҒАН КӘСІП ЕМЕС



Құмар ойынын қызу қолдайтындай бюджетке мол қаржы түсіп жатыр ма? Мемлекетке түсетін қаржы көлемі Салық Кодексінің 16-шы бөліміне сәйкес іске асырылады. Әрбір ойын үстелінен айына 1660 айлық есептік көрсеткіш, ойын автоматынан 60 АЕК, тотализатор кассасынан 300 АЕК, букмерлік кеңсе кассаларынан 300 АЕК көлемінде салық алынады. Ал ойынқұмарлар ұтқан жағдайда сол ұтыстың 10 пайызы ұсталады. Осы көрсеткіштерді қалай есептесек те казино бизнесі біздің экономикамызды тіреп тұрмағанын көреміз. Ал адамдарымызға тигізіп жатқан кесірі көл-көсір. Еліміздің тұрғындарының бәрі бірдей миллиондап ақша ұтқызатындай бай емес. Бұл ойынға қатардағы қарапайым адамдар да кіріп кететіні белгілі. Содан барып, жоғарыда айтқандай жалғыз баспанасынан айырылып, бала-шағасы аш қалуы да мүмкін. Өйткені адам баласының психологиясы сондай, оны түзету қиын.

3  
бет

## КӨЗІМІЗДІ АШҚАН КӨСЕМДЕРДІҢ КӨЗІН ОЮ – КӨЗСІЗ КӨРСОҚЫРЛЫҚ!

Иә, сатылып жатқан киімдерге Алаш арыстары Ахмет, Міржақып, Шәкәрім, Мағжан, Жүсіпбек, Илияс, Бейімбет, Сәкендер секілді тұлғаларымыздың көзін ойып алып тастап бейнелеуі қаны бардың қанын қайнататын масқара ғой! Нағыз «Шыққыр көзім не көріп тұр?» – дегізетін сорақылық бұл! Заңғар тұлғаларымызды зағип етіп, «Соқырлар қоғамына мүше етіп кіргізіп жібергендер кімдер?

16  
бет



## ЕР КӨҢІЛДІ ЕРФАЛИ

Шардара қаласы Шардара ауданының орталығы болып саналған сонау өткен ғасырдың алпысыншы жылдары қалада өзге ұлт өкілдері өте басым болатын. Өнер байқауларында, спорт жарыстарында да олардың көптігі кәдімгідей байқалып тұратын.

7  
бет

# ДВИЖЕНИЕ ЖОЛАМАНА И СРЕДНЕАЗИАТСКИЙ СОЮЗ: XIX И XXI ВВ.



10  
бет

## Қ.ТОҚАЕВ РЕСЕЙ мен УКРАИНАНЫ БЕЙБІТ КЕЛІСІМГЕ ШАҚЫРДЫ

Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ереванда өткен Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына (ҰҚШҰ) мүше елдерінің жиынында Украина мен Ресейді бейбіт бітім жасауға шақырды.

«Украина мәселесіне келер болсақ, бейбітшілік формуласын бірлесе қарастыратын уақыт келді деп ойлаймын. Кез келген соғыс бейбіт келіссөзбен аяқталады. Бітімге келудің кез келген мүмкіндігін пайдалану керек. Стамбулдағы келіссөз раунды үміт сыйлаған еді, бірақ түрлі себептермен келісім іске аспады. Ондаған, жүздеген жылдарға созылатын өкпе-реніштен бауырлас орыс және украин халықтары арасының алшақтауына жол бермеу керек» деді Тоқаев.

Ресей мен Украина өкілдері наурыз айында Түркияда кездесіп, бейбітшілік туралы ұсыныстарын талқылаған. Бірақ мамырда келіссөз тоқтап қалды. Украина да, Ресей де келісімдерді орындамай отыр деп бір-бірін



айыптаған. Қазан айының басында Зеленский Ресейді Владимир Путин басқарып тұрған тұста онымен келіссөз жүргізуді мүмкін санамайтын жарлыққа қол қойған. Оның алдында Мәскеу Украинаның бірнеше аймағын аннексиялағанын хабарлаған. Путин бұған дейін Ресей келіссөзге дайын екенін, бірақ аннексияланған аймақтардың тағдырын талқылауға дайын емес екенін мәлімдеген.

Тоқаев маусым айында Санкт-Петербург қаласында өткен экономикалық форумда Қазақстан Украина шығысындағы сепаратистердің «Донецк халық республикасы» мен «Луганск халық республикасы» тәуелсіз ел ретінде мойындамайтынын айтқан болатын. Бірақ Қазақстан БҰҰ-дағы Ресейдің Украинаға қарсы басқыншылығына қатысты дауысқа салынған қарарларында үнемі қалып қалады.

## ХАЛЫҚТЫҢ НЕСИЕСІ КЕШІРІЛЕ МЕ?

Миллиондаған адамдарды алаңдатқан осы сұраққа Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің өкілдері жауап берді. Расында 28 мың адамның 600 миллион теңге несиесі кешіріледі. Бірақ бұл микроқаржы ұйымынан қарыз алғандарға ғана қатысты екен.

Мемлекет бұл үшін арнайы ақша бөлмейді, бұл шара сол микроқаржы ұйымдарының өзіне жүктелген. Қарызы кешірілетін азаматтардың қандай талапқа қарап таңдалатыны микроқаржы

ұйым мен азаматтар арасындағы келісімшартқа байланысты болмақшы. «Оны несиесі берушілер жария етпейді. Құпия ақпарат» - деп түсіндірді Қаржы нарығын реттеу агенттігіндегілер. Белгілісі, микроқаржы ұйымдары қарыз алушының өмір сүру деңгейін талдап барып шешім шығарады. Мұндай шара биыл осымен екінші рет ұйымдастырылып отыр. Елдегі шағын несиелердің негізгі бөлігі тиесілі 30 микроқаржы ұйымының жеңілдігі тек кешірумен шектелмейді. Олар кейбірінің қарызын толық кешірмесе де,

азайтады. ҚР Қаржы нарығын дамыту және реттеу агенттігінің департамент директоры Дәурен Несінбаевтың айтуынша 2022 жылдың соңына дейін 567 мың төлемге қабілетсіз қарыз алушының проблемалық берешегін реттеу жөніндегі іс-шараларды өткізу жоспарланып отыр. Оның ішінде 432 мың қарыз алушының кредиті бойынша берешекті қайта құрылымдау, кепілсіз микрокредит бойынша 107 мың қарыз алушының 800 млн. теңге сомасындағы проблемалық берешегін ішінара есептен шығару көзделген.

## АРАБ ФУТБОЛШЫЛАРЫ АҚШАНЫҢ АСТЫНДА ҚАЛДЫ

Бүгіндер жер жүзіндегі спортсүйер қауымның назары қияндағы Қатарға ауған. Дәулеті тасыған бұл мемлекетте футболдан төрт жылда бір келетін әлем чемпионаты өтіп жатыр.

Биылғы былғары доп додасы тарысты басталды. Бұл әлем біріншілігі бірінші күннен-ақ бірнеше тосынсыз жасады. Күншығыс өкілдері, жапониялық спортшылар азуы алты қарыс, ешкімге дес бермейтін неміс футболшыларын 2:1 есебімен есенгіретіп тізе бүктірді. Испандықтар Коста-рика қақпасына жауапсыз жеті доп соқты. Ағылшындар да аянып қалмады ирандықтарды 6:2 есебімен ойсырата ұтты. Бәрінен бұрын Сауд Арабиясының аты әйгілі Месси бастаған Аргентина құрамасын 2:1 есебімен ұтқаны үлкен жаңалық болды. Әлемдік жүрген араб футболшыларын ынталандыру мақсатында мемлекет тарапынан аргентиналықтарды жеңгені үшін әрбір ойыншыға 2,5 млн. еуродан сыйақы берілді. Жеңіс құрметіне Сауд Арабиясында демалыс күні жарияланды. Отандық спортты қолдаудың үздік үлгісі осындай-ақ болар! Егер Сауд Арабиясы құрамасы жарыс нәтижесінде жүлделі орынды иеленсе, тіпті чемпион болса оның әрбір ойыншысы бірден миллиардер атануы әбден мүмкін-ау!..



## БАСШЫСЫ ЖОҚ БІЛІМ ОРДАЛАРЫ

Қарағанды облысы Саран қаласындағы мектептердің тен жартысы басшысыз қалды. Қала мен оған қарасты Ақтас кентіндегі білім ошақтарында директор міндетін орынбасары атқарып жүр. Ақыры білім сапасы құлдырап, тәрбие жұмысы жайына қалды дейді тұрғындар.

Әдетте пара беріп таласатын лауазымды орындар неге бос тұр? Себебі, жауапкершілігі мол директордың айлығы аз. Сарандағы №1 меткеплицейінде ата-аналар жоспардан тыс жиналыс ұйымдастырып, мектепке директор тағайындауды талап етті. Өйткені мұндағы басшы кабинеті соңғы бір жылдан бері бос тұр. Соның салдарынан оқушылар бетімен кетіп, тәртіп жайына қалған. «Сарандағы ең мықты мектеп біздікі болатын. Тіпті көршілес Шахтинск қаласынан балаларын әкелетін.

Қызым 4-сыныпқа дейін үздік оқушылар қатарында еді. Қазір жылдан-жылға үлгерімі төмендеп бара жатыр. Менің ойымша, басшы болмаған жерде бақылау мен тәртіп болмайды. Білім сапасы төмендеп бара жатқанына бәріміз алаңдаймыз» - дейді Саран қаласының тұрғыны Валентина Степанова. Ата-аналардың айтуынша, мектептерде білім түгілі, тәртіп мәселесі де ушыққан. Басшының бақылауы жоғын мектеп табалдырығын аттай сала аңғаруға болады дейді жиналғандар. Кіреберістегі киім ілгіштегі киімге жауапты адам жоқ. Мектеп бітіретін сыныптарға қосымша сабақ өтпейді. Ал директор жетіспеушілігі бұл өңірге таңсық емес. Сарандағы сегіз мектептің төртеуінде басшы жоқ. Себебі, басшы болуға құлықтылар тестілеуден өте алмайды. Біліктілігі барлары жалақысын азсынады дейді шенеуніктер.

## ҚАЗАҚСТАН – ЕШКІМГЕ ТӘУЕЛСІЗ, ЕГЕМЕН ЕЛ

Бұл туралы Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне берген сұхбатында мәлімдеді.

«Бізге Ресей билігіне қарсы пікір білдірген адамдар сотталады. Алайда ресейліктер бізге қатысты ойына не келсе соны айта береді. Неге олар жауапқа тартылмайды? Біз Ресейге тәуелдіміз бе? Одан қорқамыз ба?» деп сұрады тілші. Біз Ресейден қорықпаймыз. Біз терезесі тең, егемен мемлекетпіз. Біріншіден, мұның барлығы заң аясында жүргізіліп жатқан мәселе. Екіншіден, Қазақстанға қарсы сөз айтқан Ресей азаматы болсын, басқа мемлекеттің азаматы болсын, Президенттен бастап Сыртқы істер министрі, депутаттар өз жауаптарын беріп жүр. Оны өздеріңіз естідіңіздер» - деп атап өтті Ерлан Қошанов.

Ерлан Қошановтың айтуынша, телеарналардан, ғаламтордан айтылып жүрген пікірлер Ресейдің ресми мәлімдемесі емес. «Телеарналардан, ғаламтордан айтылып жүрген пікірлер Ресейдің ресми ұстанымы немесе мәлімдемесі емес. Бұл – жекелеген азаматтардың пікірі. Сондықтан біз оларға өзіміздің жауабымызды беріп жүрміз. Ал егер ол жерде біздің тарапымызға қатысты заң бұзушылық болса, Бас прокуратура арқылы Ресейдің Бас прокуратурасына талаптар жолданады», - деді Мәжіліс спикері.

Айта кетерлігі, Ресейдің мемлекеттік телеарнасындағы бағдарламалардың бірінде сарапшы «Ресей үшін Украинадан кейінгі проблема – Қазақстан» деп айтып, ол қоғамда қызу талқыға түсіп жатыр. Бұған дейін Мәжіліс төрағасы аталған мәселеге қатысты қажет болса Мәжіліс отырысын өткізетінін айтқан-ды.

## ШЕТЕЛДІК КӨЛІКТЕРДІ ТІРКЕУ МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛДІ

Шетел көліктерін тіркеудің бірреттік төлемі 200 мың теңге болып бекітілді. Арнайы заң жобасын Сенат мақұлдады. Енді Мемлекет басшысы қол қойғаннан кейін, 1 қыркүйекке дейін ел аумағына кірген көліктер заңдастырыла бастайды. ІІМ-нің мәлімдеуінше шетел көліктерін тіркеудің барынша қарапайым жолы қарастырылған.

Шетелден әкелінген көліктердің жыры 2-3 жылға созылғаны белгілі. Елден біржола шығарып тастау, уақытша тіркеу сияқты ұсыныстар айтылып келді. Президент биыл күздегі жолдауында ішкі істер министрлігіне мәселені шешіндер деп тапсырған-ды. Тіркеу құнын утилизация алымымен қоса есептегенде, 200-250 мың теңгеден асырмауды да міндеттеген. Сенат бекіткен



Салық кодексіне осы өзгеріс енгізілді. Құжатқа сәйкес, 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін елге әкелінген шетелдік көліктерді заңдастыру 200 мың теңге деп көрсетілген. «2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін әкелінген автомобильдерді заңдастыру мақсатында алғашқы тіркегеніне бірыңғай алымды белгілеу, 300 мыңға жуық автокөлікті есепке қоюға жағдай жасайды. Сондай-ақ осы автомобильдер бойынша көлік құралдарына салынатын салық жергілікті бюджетті толықтырады» - деді сенатор Ғұмар Дүйсембаев.

## ЖУРНАЛИСТІ ӨЛТІРМЕКШІ БОЛҒАҢДАР СОТТАЛДЫ

Журналисті өлтіруге тапсырыс берген шенеунік пен оның сыбайластары сотталды. Түркістан облысы Сарыағаш ауданы білім бөлімінің бұрынғы басшысы Бауыржан Майрихов енді 11 жылын темір торда өткізеді.

Ал қылмысты ұйымдастыруға көмектескен үш азамат 10 мен 13 жыл аралығында жаза арқаласа, оқ атқан жалдамалы жендет 12 жарым жылға сотталды. Түркістан облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандырылған ауданаралық сот төрағасы Қасым Қалмағамбетовтың айтуынша, бас бостандығынан айыру жазасын тағайындауда олардың бұрын сотталмағаны, жәбірленушінің үш сотталушыға қатысты көшірм бергені, сондай-ақ үш сотталушының асырауында жас баласы болуы назарға алынған.

Еске салсақ, биыл қаңтарда белгілі журналист Амангелді



Батырбековтің үйіне киллер келіп оқ атқан. Бірақ жалдамалы жендет журналисті оның ұлымен шатастырып алған. Денесіне біртәуір оқ тиген 31 жасары жігіт ауыр жаракат алып, емделіп шыққан болатын. Көп ұзамай шабуыл жасағандар ұсталды. Қолға түскендер кісі өлтіруге Сарыағаш ауданы білім бөлімінің басшысы Бауыржан Майрихов тапсырыс бергенін айтқан. Шенеунікке журналистің өзі туралы бірнеше өткір сын мақала жазғаны ұнамай, көмекшісіне 5 миллион теңге беріп, тілшінің көзін жоюды тапсырған.

«Әй, мүміндер! Арақ, құмар, тігілген тастар (пұттар) және бал ашатын оқтар лас, шайтанның істерінен. Одан сақтаныңдар, ақтыларсыңдар. Негізнен шайтан арақта, құмарда араларыңа дұшпандық әрі кек салып, Алланы еске алудан және намаздан қалдыруды қалайды. Ал, сонда да тыйылмайсыңдар ма?» – деп жалпы мұсылман атаулыға ортақ Құран Кәрімдегі «Мәида» сүресінде айтылған екен. Адамзатты харам қылықтардан сақтандыруға арналған бұл аяттарды алдымен ауызмызға алуға жақында бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде біздің мемлекеттік органдардың 305 қызметкері құмар ойындарға 507 млн. теңге жұмсағаны туралы жарияланған хабарламалар түрткі болды.

және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының қызметкері Е.А.Назаров екі рет «Tornado 777» ойын автоматтары залында болып, 3,2 миллион теңге, жылдық табысы 3 миллион теңгеден аспайтын Алматы облысы бойынша Қазынашылық департаментінің қызметкері А.Өмірбекұлы «Астория» және «Макао» казиноларына 25 рет барып, 33 миллион теңге, жылдық табысы 3 миллион теңгеден аспайтын Қаржы мониторингі агенттігінің қызметкері Қ.А. Өтеген «Astoria» казиносына 3 рет кіріп, 25 миллион теңге ұттырған. Жоғарыда аталғандардан басқа, ойыншы болып табылмайтын Қонаев қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті өкілі Тоғызбаев М.Б., «Каспий Банк» АҚ банк картасына жалпы сомасы 1,2 млн. теңге ақшаны аудару арқылы қабылдаудың 10 фактісі, ойын мекемесіндегі Diamond's ойын автоматтары залының директоры Д. И. Харон-Заде осын-

халықты тыныштандырудың оңай жолын тапқан-ды. Тіпті ол туралы заңға өзгерістер де енгізген болды. «Казино, ойын автоматтары залдары, букмекерлік кеңселер мен тотализаторлар Алматы облысында Қапшағай су қоймасының жағалауында және Ақмола облысының Бурабай ауданында жергілікті атқарушы органдар айқындайтын аумақтар шегінде орналастырылуға жатады» деп бекітіп берген-ді. Одан кейін бұл мәселе шешімін такандай болатын. Бірақ мәселенің түпкілікті шешілмегенін осы соңғы тексерістің өзі көрсетіп берді. Казинода ұтып ешкім байыған емес. Керісінше адамдарты осы ойынға тәуелді етіп, айықпас «дартке» ұшыратады. Рас, алғашқыда ұттырып, ойыншыны одан әрі дәмелендіріп қояды. Бұл туралы сол құмар ойынға беріліп, кейін әзер құтылғандар жиі айтады. Ал ойын мекемелерінің иелері мол табысқа кенеледі.

# ҚҰМАР ОЙЫН БИЗНЕСІ – АТА-БАБАМЫЗДАН ҚАЛҒАН КӘСІП ЕМЕС



Мемлекеттік қызметкерлердің осыншама қыруар қаржыны желге ұшыруы ішсе тамаққа, кісе киімге жарытпайтын, бір айдан екінші айға ілдебайлап әзер жеткізіп жүрген жалақымен күн көрген миллиондаған қарапайым халықтың аузын аштырып, көзін жұмдырды.

Құзырлы орындар бұл жағдайды жасырып, құпия ұстағысы келгенмен бәрібір белгілі болды. Тіпті журналист Михаил Козачковтың Telegram-арнасында Алматы облысының прокуроры Берік Адамов қол қойған құжат та жарияланды. Онда бірнеше облыстың түрлі мемлекеттік органдарының 305 қызметкері қызмет барысында құмар ойындарға 507 млн. теңге жұмсағаны айтылған. Сонымен бірге бұл құжатта ойынханаларға барған кейбір мемлекеттік қызметкерлердің аты-жөні, ұтылған сомалары көрсетілген. Журналистің көпшілік назарына ұсынған ақпаратты шынайы екенін прокуратура өкілдері де растаған. «Біз бұл мәселе бойынша ресми мәлімдеме жасап жолға шығарған жоқпыз. Бізге хабарламалар түсе бастады, біз фактіні растадық, өйткені бұл заң бұзушылықтар казинолар мен ойын автоматтары залдарын тексеру кезінде анықталды. Расында да аталмыш факті бойынша түрлі мемлекеттік органдарға хат жолданды. Әр ведомство өз қызметкерлерімен жеке айналысып, тиісінше қабылданған шаралар туралы бізге хабарлауы керек» - деген Sputnik Қазақстан тілшісіне Алматы облыстық прокуратурасының баспасөз хатшысы Мақсат Әбиров. Сондай-ақ прокуратура ойынханаға жұмсалған шығындар мемлекеттік қызметкерлердің нақты жалақысына сәйкес келмейтінін атап өткен.

Қарапайым халықты есінен тандырған бұл жаналық көпшілікке белгілі болып кеткен соң прокуратура түрлі ведомство өкілдерінің қанша ақша жұмсағаны туралы тізімді де ұсынды. Тізімде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі – 97 млн; ҚР Қорғаныс министрлігі – 95 млн; ҚР Қаржы министрлігі – 25 млн; ҚР Жоғарғы Соты – 7 млн; ҚР Қаржы мониторингі агенттігі – 15 млн; ҚР Сыбайлас мемлекеттік қызметкерлері – 3 млн; жергілікті атқарушы органдар – 36 млн; басқа мемлекеттік органдар қызметкерлері – 27 млн. теңге қаржыны құмар ойынға салғаны көрсетілген.

Сонымен бірге жекелеген қызметкерлердің де аты аталды. Жарияланған деректер бойынша, мысалы Астана қаласы әкімдігінің жылдық табысы 10 миллион теңгеден аспайтын қызметкері Е.С.Абдултиев «BePiaggio» казиносына 54 рет кіріп, 53 миллион теңге қалдырған. Жылдық табысы 7,9 миллион теңгеден аспайтын Атырау облысының энергетика

дай жолмен 300 млн. теңге қабылдаған. Демек біреулердің ұттырған ақшасы келесі біреулердің қалтасын толтырған.

Бұл тізім ұзақ, оны тізіп жатудың қажеті шамалы. Ең бастысы, бір ғана айлық жалақыға өмір сүруге тиісті мемлекеттік қызметкерлер осыншама қыруар қаржыны қайдан алған? Бала-шағасының аузынан жырып құмар ойынға салғаны ма? Жоқ оған ұқсамайды. Бұл біздің мемлекеттік органдарды жемқорлық жайлағанын көрсетеді. Халық қаржысы сеніп тапсырылған құзырлы орындар қызметкерлерінің бюджет ақшасын жымқырғаны түсінікті. Әйтпесе осыншама ақшаны олар үйлерінде білесті шығармаған ба?..

Алматы облыстық прокуратурасының баспасөз хатшысы Мақсат Әбиров айтқандай, айдай әлемге әйгілемей аталмыш факті бойынша түрлі мемлекеттік органдарға хат жолданып, әр ведомство өз ойынқұмарларының мәселесін майшаммен қарап жатқан көрінеді. Айталық, Қарашада журналистерге берген жауабында казинода ойнаған әскери қызметкерлердің аты-жөні анықталғанын, әрқайсысы бойынша қызметтік тексеріс жүргізіліп жатқанын айтты. Сол сияқты өзге де құзырлы органдар құмар ойынға салынған өз қызметкерлері бойынша тексеру жұмыстарын жүргізіп жатқанға ұқсайды.

Бұл біздегі казино жұмысына жасалған бір ғана тексерістің нәтижесі. Сонау тәуелсіздік алған жылдардан басталған бұл құмар ойын бизнесіне халық о бастан қарсы болған-ды. Бір ғана Алматы қаласының өзінде жүздеген казинолар жұмыс істегені белгілі. Қаншама адам қаражатынан айырылғанын қазір анықтау да мүмкін емес. Кейбіреулер жалғыз баспанасынан айырылып бала-шағасымен қала қалды, қаншама отбасы ойрандалды. Қараза батқан құмар ойыншылардың өзіне-өзі қол жұмсағандары да болды. Бұл туралы кезінде бұқаралық ақпараттық құралдарында жазылып, қоғамда үлкен дау-дамай тудырғанын білесіздер. Халық казино атаулыны түбегейлі жабу керектігін айтып талап өткенмен, біздің билік едеттегідей «өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмай» жартылай шешім қабылдады. Батыспен басы бірге жаралған билік, «Дамыған батыс елдерінде бұл қалыпты жағдай, бюджетке де кіріс түседі» деген сылтау айтып,

Құмар ойының қызу қолдайтындай бюджетке мол қаржы түсіп жатыр ма? Мемлекетке түсетін қаржы көлемі Салық Кодексінің 16-шы бөліміне сәйкес іске асырылады. Әрбір ойын үстелінен айына 1660 айлық есептік көрсеткіш, ойын автоматтарынан 60 АЕК, тотализатор қассасынан 300 АЕК, букмерлік кеңсе қассаларынан 300 АЕК көлемінде салық алынады. Ал ойынқұмарлар ұтқан жағдайда сол ұтыстың 10 пайызы ұсталады. Осы көрсеткіштерді қалай есептесек те казино бизнесі біздің экономикамызды тіреп тұрмағанын көреміз. Ал адамдарымызға тигізіп жатқан кесірі көл-көсір. Еліміздің тұрғындарының бәрі бірдей ойынға адала ұтқызатындай бай емес. Бұл ойынға қатардағы қарапайым адамдар да кіріп кететіні белгілі. Содан барып, жоғарыда айтқандай жалғыз баспанасынан айырылып, бала-шағасы аш қалуы да мүмкін. Өйткені адам баласының психологиясы сондай, оны түзету қиын. Олай болса құмар ойын бизнесіне аластап, неге біржолата жаппаймыз деген сұрақ туындайды. Оның жауабы да дайын. Құмар ойын бизнесінің артында олигархтар мен лауазымды үлкен адамдар тұр. Оларға қалай болғанда да пайда табу керек. Біреулер соңғы тиынын тастап, бала-шағасы аштан өліп жатса да оларға маса шаққан құрлы әсер етпейді...

Баяғыда ауылда тұратын араққа үйір бір ағамыз ішуді біржолата қоюды ұйғарып, «атаман қалған ас емес, әкет әрі, енді аузыма алмаймын» деген екен шөлмектес достарына. Айтқанында тұрып, арақты аузына алмайтын болған. Жынды судың кесірінен болатын отбасындағы ырду-дырду жоғалып, шаңырағына құт-береке қона бастайды. Тіпті кейін намазға жығылып, бұрынғы достарын да дұрыс жолға түсіреді. Сол ағамыз айтқандай құмар ойын ата-бабамыздан қалған кәсіп емес, ұлтымыздың әдеп-ғұрпында болмаған, салт-дәстүрімізге жат нәрсе, оны елімізден біржолата аластап, осыған байланысты шұғыл түрде тиісті заң қабылдау қажет. Отыз жыл таскерек болған үкіметтің құлағы ашылып, халық үнін еститін болды деп қуанып жатырмыз. Билік басындағылар, қаншама отбасын ойрандап, қаншама адамға қасірет әкелген казино ордаларын түгелдей жабыңыздар. Тым болмаса халықтың осы бір тілегін орындандасаңыздар екен...

• Дүбірлі дүние

## СИРИЯДА ҚҰРЛЫҚ ОПЕРАЦИЯСЫ БАСТАЛАДЫ

Түркия президенті Режеп Тайип Ердоған Сирияның солтүстігінде кез келген уақытта құрлықтағы әскери операция басталатынын хабарлады. Айтуынша, Тель-Рифат, Манбидж және Айн әл-Араб елді мекендері толық күрд жасактарынан тазартылу керек. Сонымен қатар Түркияның әуе шабуылдары да жалғаса беретінін мәлім етті. Анкара Сирия мен Ирактың солтүстігіндегі «Күрдістан жұмысшы партиясына» қарсы әуе шабуылдарын қарашаның 20-сынан бері жалғастырып келеді. Бұл Ыстамбұл қаласында болған лаңкестік әрекетке қарсы ұйымдастырылған шара. «Түркияның Қарулы күштері барлық тиісті шараларды қолға алды. Әзірге әуе шабуылдары үздіксіз жүріп жатыр. Бұл тек басы ғана. Қолайлы уақытта лаңкестерге қарсы құрлықтағы операцияны бастаймыз» – деді Түркия президенті.

## ҚЫТАЙДА КОРОНАВИРУС ҚАЙТА ӨРШІДІ

Қытай билігі бір тәулікте 31,7 мыңға жуық адамға коронавирус жұққан хабарлады. Вирус жұқтырғаны анықталған адамдардың 87 пайызында алғашқыда ауру белгісі байқалмаған. 23 қарашадағы дерек бойынша, Қытайда 19 мың коронавирус ошағы анықталды. Жарты жыл бұрын 56 ғана болған. Елде вирустың таралуын бақылауда ұстау қиындайды. Статистикаға сәйкес, науқастардың 90 пайызында кесел белгілері білінбейді. COVID-19 ең алғаш таралған Қытайда барлығы 288,5 миллион адам вирус жұқтырып, бес мыңнан астам науқас өмірімен қоштасты. Ал коронавирус індет деп танылғалы бері әлемде 650 миллион адам осы ауруға шалдықты, алты жарым миллионнан астам науқас қайтыс болды.



## ТӘЖІКСТАН ЖОҒАРҒЫ СОТЫ ҚАТАҢ ШЕШІМ ШЫҒАРДЫ

Тәжікстан Жоғарғы соты Таулы Бадахшан автоном облысынан шыққан бес адамды, оның ішінде белсенді Мунаввер Шамбиев, бұрынғы командир Толиб Айембеков және Имум Шоишириновты өмірлік түрме жазасына кесті.

Биыл мамыр айында Таулы Бадахшан автоном облысындағы наразылыққа байланысты айыпталғандардың туыстары сот үкімімен келіспейді. Таратылған ақпаратқа қарағанда, тағы сегіз адам 10 жылдан 30 жылға дейін сотталған. Т. Айембековті «жаппай тәртіпсіздік ұйымдастырды», «заңсыз қару сақтады», «адам өлтірді», «тәртіпсіздік жасады», экстремизм және бағалы тастарды заңсыз сатумен айналысты» деп айыптаған. Таулы Еске салсақ, Бадахшан автоном облысында 14 мамырда наразылық акциялары басталған. Күш органдары 18 мамырда жолды жапқан атап, оларға қарсы «антитеррорлық операция» жүргізген. Сол кезде ресми билік «содыр» деп атаған сегіз адамның өлтіріліп, 11-і жараланғаны» хабарланды. 220 адамның ұсталғаны айтылды. Содан бері Тәжікстанда ондаған белсенді, журналист және блогер ұсталып, ұзақ мерзімге түрме жазасына кесілді.



## ШЫМКЕНТТЕ ЖАҢА МЕТАЛЛ ҚҰРАСТЫРУ ЗАУЫТЫ АШЫЛДЫ

Азат Перуашев Шымкентте салынған металл құрастыру зауытының ашылуына және кәсіпорында өндірілген мұнай-газ құбырына арналған алғашқы шарлы қранды тұтынушыларға жөнелтуге қатысты.

Зауыт мұнай-газ секторы үшін шарлы қрандар шығаратын желіні

іске қосуға 500 миллион теңге инвестиция салып, 70 жұмыс орнын ашты. Жоба осы өнімдерді шетелден сатып алудың 75 пайызын ауыстыруға арналған. Ол СТ КЗ сертификатын алған «Қазақстан МҚ зауыты» брендімен Шымкентте шығарылады.

Жобаны жүзеге асырудың бірінші кезеңінде жылына шамамен 300 дана әртүрлі өнім

шығарылады деп күтілуде, өнімнің 70%-ын мемлекеттік тапсырыс нарығында тендер арқылы өткізіп, ал қалғанын экспорттау жоспарлануда.

Қазақстандық МҚ зауытының өнімдері сапасы мен функционалдык көрсеткіштері бойынша шетелдік аналогтардан кем түспейтін отандық шығын материалдары болып табылады.

## ПРЕЗИДЕНТТІК САЙЛАУҒА ЖОҒАРЫ БАҒА БЕРІЛДІ

«Ақ жол» демократиялық партиясы фракциясының отырысы өтті. Партия төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашевтың басқаруымен өткен жиынға «Ақ жол» партиясы парламенттік фракциясының депутаттары, Ұлттық кеңестің мүшелері, орталық аппараттың қызметкерлері мен бейне байланыс арқылы өңірлердегі партия филиалдарының жетекшілері мен мәслихат депутаттары қатысты.

«Ақ жолдықтар» фракция отырысында өткен президенттік сайлауға жоғары баға беріп, коалиция ұсынған ортақ кандидат Қасым-Жомарт Тоқаевты жеңісімен құттықтады. Жиын аясында «Ақ жол» лидері Азат Перуашев елімізде өткен президенттік сайлаудың әділ өткенін атап өтіп, бұл науқанға «Ақ жол» мүшелерінің үлкен еңбек сіңіргенін жеткізді.

— «Баршаңызды сайлау нәтижесімен құттықтаймын. Халықтық коалиция атынан ұсынылған кандидат Қасым-Жомарт Кемелұлы басым дауыспен айқын жеңіске жетті. Бұл нәтижеде әрқайсымыздың зор үлесіміз бар деп білемін. Еліміз қаншама лайықты азаматтарға бай бола ма, бүгін Қасым-Жомарт Кемелұлымен салыстыратын альтернатива жоқ. Бұны қантар оқиғасында да,

конституциялық реформа арқылы да, тіпті, Санкт-Петербурда өткен экономикалық форумда да Қ.Тоқаев арандатушыларға қайтарған жауаптарымен-ақ дәлелдеді. Сонымен қатар, оның экономикадағы монополиясыздандару, әділ бәсекелестікке жол ашатын, әділ саясатты мен отандық өндірісшілердің мүддесін қолдауға арналған бастамалары Мемлекет басшысының сөз жүзінде ғана емес, нақты істерде де шын прогресшіл, ұлттық мүддемізді, нақты экономикалық қолдаудың қажетті екенін дәлелдеді. Осы науқанға ат салысқан баршаңызға көп рахмет айтқым келеді. Кешегі өткен



сайлау - бұл үлкен жұмыстардың, түбегейлі өзгерістердің тек бастамасы ғана», — деді Азат Тұрлыбекұлы.

Сонымен бірге, Азат Перуашев Қасым-Жомарт Тоқаевтың

кандидатурасын ұсынған жалпыхалықтық коалицияның балпық мүшелеріне, оның ішінде «AMANAT» және Қазақстан Халық саяси партиялардың жетекшілеріне алғыс білдірді.

## ӨЗ ҒИМАРАТТАРЫ АУМАҒЫНДА КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ЖАРНАМАНЫ ТЕГІН ОРНАЛАСТЫРУ ТАЛАП ЕТІЛДІ

«Ақ жол» кәсіпкерлердің өз ғимараттарында жарнама орналастыруына салық төлеуі мен оған шектеулерді алып тастауды талап етті. Бұл туралы «Ақ жол» фракциясының депутаттық сауалын Ғани Хамзин жариялады.

### ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРІ А. ҚУАНТЫРОВҚА

«Ақ жол» демократиялық партиясына өз аумағындағы және ғимараттарындағы сыртқы жарнама мәселесі бойынша кәсіпкерлер жүгінді. Олар қазірдің өзінде оларды ұстауға және қызмет етуіне, соның ішінде салықтардың барлық түрлеріне және бюджетке төленетін басқа да міндетте төлемдерге тап болып отыр. Мандайша мен сыртқы жарнама арасындағы айырмашылық мәселесі, сыртқы жарнама бойынша салық ставкалары, әсіресе республикалық манызы бар қалаларда наразылық тудырады.

Сонымен, мандайшаларға салық салынбайды. Алайда, кәсіпкерлердің ойындағы мандайша мен жарнама мемлекеттік органдардың пікірінен өзгеше. Мәселе мандайшаның анықтаманың талабы сыртқы жарнаманың анықтамасына сәйкес келетіндігінде. Мысалы, энергияны үнемдейтін жарықтандыру құрылғылары, ылғалға төзімді киім мен аксессуарлар және т.б. бұл сатылатын өнімнің жарнамасы немесе сипаттамасы ма? Сол сияқты, тексеру органдары мандайшадағы компанияның электрондық мекен-жайы мен байланыс деректеріне қарсы болуы мүмкін.

Жергілікті атқарушы және салық органдары үшін өз қалауы бойынша әрекет ету құқығы жарнама туралы заңнаманың сақталуын тексеру кезінде негізсіз талаптарды тудырады. Бұл кәсіпкерлер мен бақылаушы органдар арасындағы айыппұлдар мен сот процестерінің көбеюіне әкеледі. Тағы бір мәселе - алып жатқан аумақтың қоршауында мандайшаларды орналастыру орнына шектеулер қою. Заң мұны тек қоршаудың кіреберісінде жасауға мүмкіндік береді. Мұндай шектеулерді белгілеудің негіздері анық емес, өйткені мандайшаның негізгі мақсаты келушілер үшін ыңғайлы навигацияны қамтамасыз ету болып табылады.

Нәтижесінде қандай нысандар бар екенін білу үшін әлеуетті келуші оны айналып өтіп, міндетті түрде кіреберіс жақындығына келуі керек? Мандайшаның ғимараттың төбесінде және қасбетінде кез-келген жерде орналастыруға болады, ал қандай да бір себептермен төменгі қоршауға ілуге немесе орналастыруға болмайды. Бұл мемлекеттік органдардың пікірінше бірден жарнамаға айналады және ол үшін қомақты ақша төлеуге міндеттеледі. Бірақ біз бюджет есебінен жасалған

қоршаулар туралы айтып отырған жоқпыз. Біз үнемі салық төлейтін кәсіпкерлер, ғимараттар мен оларға іргелес аумақтардың иелері туралы айтып отырмыз.

Жалпы, сыртқы жарнамаға қатысты мұндай шектеу құралы не үшін енгізілгені түсініксіз — біз оның азайғанын қалаймыз ба? Нәтижесінде біз бизнестің дамуына кедергі келтіреміз? Мемлекеттік органдар біздің кәсіпкерлерге өз өнімдерін жылжыту мүмкіндігін жасанды түрде шектеп отырғандай әсер қалдырады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде «Ақ жол» депутаттық фракциясы келесіні ұсынады:

1. Кәсіпкерлердің өздеріне меншік құқығында тиесілі объектілерде және оларға іргелес аумақтарда орналастырылатын сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемдерін есептеуден және төлеуден босату.

2. Алып жатқан аумақтың қоршауларында мандайшаларды орналастыру бойынша шектеулерді алып тастау. «мандайша», «жарнама» және «даралау құралы» терминдерін ажырату.

3. Отандық кәсіпкерлерді қолдау шарасы ретінде сыртқы жарнаманы орналастырғаны үшін төлемді төмендету.

Құрметпен, «Ақ жол» демократиялық партиясының депутаттары

«Ақ жол» партиясының баспасөз қызметі



Азат ПЕРУАШЕВ:

## БІЗ ЖҮЙЕНІҢ ДЕМОКРАТИЯЛАНУЫН КҮТЕМІЗ

Партия лидері Азат Перуашев өз даусын Астана қаласындағы Тұран көшесінде орналасқан №122 сайлау учаскесінде берді.

— «Мен халықтық коалиция ұсынған кандидатқа, яғни, Қасым-Жомарт Кемелұлына дауыс бердім. Бұл менің ғана емес, бүкіл «Ақ жол» демократиялық партиясының съезінде қабылданған осы кандидатураны қолдаудың бәрімен алып, дауыс бердім, бәрі заң бойынша жасалды. Ешқандай заң бұзушылықты байқамадым. Жалпы, 7 жыл — Мемлекет басшысының жоспарларын жүзеге асыруға мол мүмкіндік беретін кезең. 7 жылда көп нәрсе жасауға болады. Бұл жерде ең маңыздысы, «Ақ жол» партиясының саяси бағдарламасының атауында айтылғандай «Түбегейлі өзгерістерді» соңына дейін жеткізу.

Саяси ландшафты жүйелі түрде, кезең-кезеңімен жанартып отыру қоғам өмірі мен дамуының игілігі үшін пайдалы деп есептейміз.

16 наурызда Президент бастамасымен басталған өзгерістер келесі кезеңге өтіп, тереңдей түседі деп үміттенемін. Біз жүйенің демократиялануын, ашықтықты, мемлекет пен қоғам арасындағы, саяси институттар арасындағы шынайы қарым-қатынасты күтеміз, сондықтан алда көп нәтижеге жетеріміз, терек шешуші өзгерістерді талап етуде. Ал президенттің бұл өзгерістерді жүзеге асыруға бел байлағанын көріп отырмыз. Сондықтан көмектесеміз, жұмыс істейміз», — деді Азат Перуашев

Сондай-ақ, осы учаскеде «Ақ жол» фракциясының мүшелері, Мәжіліс депутатының Серік Ерубаев, Мақсат Раманқұлов, Ерлік Өмірғалилар да дауыс беріп, өз таңдауларын жасады.

«Жазушы – шындықтың шырақшысы, ақиқаттың апостолы»

Томас Манн



Жазушының мерейі өз кезеңінің рухын көрсететін әлеуметтік мәселелерді көтеруімен, бейнелеуімен тығыз байланысты. Қабдеш ағаның өз сөзімен айтар болсақ: «Нағыз жазушы – әр ұлттың ақиқатты айтар деп аузына қараған әулиесі, бүкіл адамзаттың ақыл-ой жарысына жаратып қосқан жүйрігі... Өз ұлтының мұң-шерін айтпай тұра алмайды». Суреткерлік әлемінде «Ұстазды шәкірт таңдайды» – деген ұғым бар. Қабдеш аға Мұхтар Әуезовті «Ұстазым!» деуден еш айнымады. Қандай ауыртпалық, қиындықтарға мойымай, жазушы, ұлы суреткер ретінде ақиқат үшін алысты. Империялық саясаттың кесірінен екіге жарылған арғы-бергі беттегі ұлт тағдыры үшін күресіп, өзінің адамгершілік биігінде азаматтық туын қисайтпай өмірден өтті.

#### ҰСТАЗҒА ҰҚСАСТЫҚ

1966 жылы оқуға түскен «Театр студиясының» шәкірттері, аттары аңызға айналған әдебиет пен өнер қайраткерлерімен кездесулерді қалт жібермей, сұхбаттасуға құмар едік. 1967 жылы М.Әуезовтың мұражайында өтетін Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, Б.Момишұлы, Ш.Аймановтармен кездесуге курсымызбен бара қалдық. Ертерек барсақ керек әлі жұрт жинала қоймапты. Тек, шашы бұйралау, маңдайы ашық Мұхтар Әуезовтың жас күніндегі суретінен аумап қалған бір жігіт қабырғаларға ілінген Е.Сидоркиннің «Абай жолы» романына жасаған суреттеріне қарап жүр екен. Біздер Мұхтардың өзін көргендей танданыста болдық. Арамыздағы «білгіштер»: «Мұхтардың ұлы Мұрат осы!» – десіп жатты. Бізді бастап алып барған ұстазымыз Қажықұмар Қуандықов ағай: «А-а, Қабдеш, халың қалай?» – деп, амандасты да, біздерге таныстыра бастады: «Бұл «Жас дәурен» атты өлең жинағының авторы Қабдеш Жұмадінов деген ағаларың» – деп, таныстырды да, екеуі әңгімелесіп кетті. Біз көпке дейін ағаның Әуезовке ұқсастығын айтумен болдық. Қай жерден екеніне де дауласатын болдық. Қажықұмар ағадан Шәуешектің екенін білгеннен кейін: «Арғы беттегі, бергі бетке қарғып өткен менің ағам!» – деп, мен мақтана бастадым. Енді біріміз сол «Жас Дәуренді» тауып алып, оқуға кірістік:

Сарыла күтіп ертенін  
Үмітпен көңілің аулауда.  
Құштар ол осы өлкенің  
Топырағына аунауға.  
Аралап көрсен нанасың,  
Әлемде талай қызық бар.  
Бак пен сордың арасын  
Бөліп тұр қызыл сызықтар.

Осынау шумақтарда жылқы мінез қазақтың қилы тағдыры, сағынышы мен зар-мұңы жатқан жоқ па?! Империялық саясаттың қырығынан ұрпақтың аман алып қалу үшін туған жер, өскен өлкең тастап шекара асқан елдің тағдыры туралы Мұхтар Әуезов 1928-жылы «Қилы заманды» жазып еді. Енді араға 46 жыл салып, алпауыт елдердің қазақ халқына ұстанған саясатының бет-пердесін аяусыз әшкерелейтін «Соңғы көш», «Тағдыр» романдарын Қабдеш аға жазды. Бұл туралы Асқар Сүлейменов маған: «Қазіргі қазақ жазушыларының бойындағы «Үрей жайлаған» құлшылықтан оятқан екі

шығарма бар. Бірі менің ағамның «Қилы заманды», екіншісі «Соңғы көш», сенің ағамның романы» – деп, отырған сәттерінде романындағы халықтық характерлердің бай үлгілерімен жазылғандығы, әрбір кейіпкердің өзінің даралық болмысымен, ұлттық мінез-құлықтарымен бірден баурап алатындығын талдайтынбыз. Стильдік ерекшелігі, тілдік бояуларының анықтығы мен қанықтығы, оқиғаларды суреттеуі жағынан Әуезовке жақындығын айтатынбыз. Тіпті, арғы беттегі қазақ тілінің бүлінбеген бар байлығын жеткізуші ретінде бағалайтынбыз. Ағамның романдарының құндылығы – халықтық мәнері мен табиғи эсемдігінде. Көркемдік кеңістік пен образдарымен, орамды етістік пен шыннай сезімдерінің үйлесім табуында.

Бірде Асқар Сүлейменов шақырған соң кабинетіне кірсем, Роллан Сейсенбаев бар екен. Мен кірісімен Асекең ағамның баспадан жаңадан шыққан «Тағдыр» романын көрсетіп: «Шикаршылардың Жазушы тұрмақ тарихшылардың тісі батпайтын отаршылардың саясатын аяусыз жіліктеп берген!» – деді де де: «За неоседленного скакуна!» – деп, тост көтерді. Содан Оралхан Бөкейдің үйіне барып, ұзақ отырдық. Бір кезде Роллан: «Қабана кіріп амандасуым керек» – деп еді, бәрі құптай түсті де, түнгі үште сау етіп жетіп бардық. Барсақ аға мен Сәуле төтеде бізді күтіп отырғандай, ояу екен. Дастархан жасауға кірісіп еді, Асқар: «Мен просто қолыңызды алып кетейін деп келдім! Мыналардың жеті түнде неғып жүргенін білмеймін» – деді де, ағамның қолын алып маңдайына жасайтын әдеті бар болатын. Бәріміз өзіміздің «Тағдыр» туралы құттықтау тілегімізді айтып, тост көтердік. Сонда бір байқаным ағамның өзі жақсы білетін әңгімелерді, жігіттердің аузынан естігенде: «Е-е, солай екен-ау! Ойпырмай десенші!..» – деп, бірінші рет естігендей танданып отырушы. Мұндай мінез Мұхтар Әуезовте де болған екен. Ол туралы театрдың ақсақалдары жиі айтатын. Мысалы: Шәкен Айманов Әуезовтен

Чарльз Диккенс туралы естіген Мүқа, Диккенстің келесі кездескенде: «Мүқа, Диккенстің мына бір әңгімесінде...» – деп, қайталап тұздықтап айтты бергенде: «Е-е, солай ма екен! Ой пәлі-ай! Әй, Шәкен сенің де оқымайтының жоқ екен!» – деп, тамсанып отырады екен. Міне бұл жағынан да ағамның өзінің ұстазы Әуезовпен ұқсастықты, ұлыларға тән бала мінезділікті байқау қиын емес. 80 жылдығын М.Әуезов театрында өткізгенде маған: «Билік сенде, не айтсаңда қолыңдамын!» – деуінің өзі, ұлы тұлғаның балаға тән пәктігін, мейірімнің тазалығын көрсетеді. Мерейтой ерекше форматта жақсы өтті. Іш пыстырар ұзын сонар баяндамалар болған жоқ. Қабдеш аға да, көрермендер де қатты риза болды. Енді 85-ін айрықша атап өтерміз деген ойымызға өмір шіркін үлгертеді...

#### ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ

Біздің Фарзанамен үйлену тойымызда болған күнінен бастап, ағалы-інідей араласып кеттік. Шанырағымыздың елеуі отырыстары аға мен Сәуле төте, Ұлықпан мен Нағима, Бейсенбай мен Несіпжан, тағы да көптеген достарымызсыз өтпейтін. Отырысты Қабдеш аға бастап, батамен аяқтау дәстүрге айналып еді. Наурызда ұлттық киімдерімізді киіп қонақтауды аға бастап, біздер қостап үлгі көрсетіп еді. Қазақтың салт бойынша Фарзана ағамы «Дарабоз қайнаға», Ұлықпанды «Би аға», Бейсенбайды «Генерал қайнаға»-деп, басқаларға да өздеріне лайықты ат қойып атағанына біз Жұмысбастылықпен бірз уақыт бас қоса алмай қалғанымызда: «сағынып қалдық-қой!» деген бір ауыз лебізіміз арқылы қайта қауышатынбыз. Әзіл-қалжыңға еркіндік беріліп, арғы-бергі тарихты аға бастап, біздер қостап кереметтей өткізетінбиз. Әрине, мұның барлығы Қабдеш ағамның қарапайымдылық қабілетіне, біздердің рухани жақындығымызға байланысты екені даусыз. Осындай отырыстарда ағамның жаңадан

шыққан әр кітабындағы қоғамдағы келенсіздіктер туралы өткір ойлары да тілге тиек етілмей тұрмайды.

– Қазір бойларың үрей билеген көптеген жазушылар бұқпантайлап бірдене айтқан болып, көптеген пысықтары билікті жаппай мақтап, есеппен өмір сүріп жатқан кезде, шындықты айтып, шырылдап жүрген жалғыз сізсіз» – деген кезіміз де,

– Мен ақиқатты айтып, ұлттың мүддесін қорғамасам, кейінгі ұрпақтың «Қазақ интелленциясы қайда қарап отырған?» деген сауалына қалмаймыз ба?! Сонда біздің азаматтығымызға сын болмай ма?! – деп, жауап беретін.

Міне, осындай қарапайым жауабының өзінде де ұлттың сүйген азаматтың ұлылығы жататын.

– Аға «Тирандар тырапай асқан жыл» атты әңгіменіздің кейіпкеріне менің атымды беріпсіз, рахмет! – деген, әзіл-шыны аралас сөзіме:

– Мен кейіпкерлеріме ат қойғанда, рухани прототип іздеймін. «Соңғы көштегі» кейіпкерлердің прототиптерін өзің жақсы білесің.

бізге аға екенін де білем. Бірақ, мәселе руда емес, ұлттың сүйер азамат боп туында! «Жау» деп жала жапқандардың барлығы күйреп қалды. Шахан ағамыздың рухын сындыра алмады. Менің де екі империядан алған «Ұлтшыл» – деген атағым барлығын мақтан тұтам. Бұл Алаш қайраткерлерінің атағы емес пе!» – деп, көтеріліп қалатын.

– Қазір жұрттың бәрі драматургияға көшкен кезде, сіз де пьеса жазбайсыз ба?!

– Мен оқиғаларды сахна кеңістігіне сыйғыза алмаймын. Менің кейіпкерлерім дархан далаға өрең сыйып жүргенде, жұрт жазды екен деп дүрмекке дүбір қоспай-ақ қояйын!..

Осы қасиетімен, қарапайымдылығымен, суреткерлік ұстанымына беріктігімен өзіне тәнті ететін.

#### СУРЕТКЕР

Әдебиет көркем сөздің философиясы. «Дүниеде сөзден көне, сөзден берік ескерткіш жоқ» – деп, ұққан көшпенділердің тіл мәдениетін бұзбай, қазақты тілдің қаймағын жеп өскен Қабдеш ағамның әдебиетімізге қосқан үлесі ұшан-теңіз. Қабдеш ағамның шығармаларының тілі кестелі, көркем. Оның сөйлемдеріндегі жатықтық, орамдылық, баяндауы мен суреттеуіндегі әуызділік пен бейнелілік, детальшылдық нақтылық пен шыншылдық, сөз жоқ суреткерлік ерекшелігі. Кейіпкерлерінің ұлттық рухы биік, психологиялық тереңдіктері шынайылықпен суреттелген дара тұлғалар. Ол өзінің бұл қасиетін «Қаздар қайтып бинағын» атты тұңғыш әңгімелер жинағынан бастап, романдары мен соңғы хикаяттарына дейін дәлелдеп кетті. Бұл күрескер-жазушының даралығы. Бейне мен бейнелілік суреткердің ой айтудағы негізгі құралы. Ақиқатты тікелей айтпай-ақ, өзі жасаған бейнелері арқылы елестетіп көрсету шеберліктің өлшемі. Дарын да заматтық ұстанымға тәуелді. Суреткерлік айрықша парасаттылық. «Соңғы көш», «Тағдыр», «Дарабоз», т.б. шығармалары көркемдік шынайылығы мен философиялық тереңдігімен, тарихымыздың бұрмаланған тұстарының себеп-салдарын, аяусыз мен көлеңкелі тұстарын күнгейі аша отырып жазылған байлығымыз. Нағыз суреткер қоғамдық жүйеге оппозицияда болуы керек. Ол жамандау емес қоғамның дамуына кедергі келтіретін келенсіздіктің себеп-салдарын ашып, ақиқатты айтуында. Өнердегі класс тұлғалардың ерекшелігі де осында. Ағамыз осы бір ұстанымынан ешқашан айныған емес. Қуңзы (Конфуций): «Өмірін де, өлімін де сапар. Сенің кім екеніңді кейінгілер артына қалдырған ізің арқылы бағалайды» демей ме!.. Дүниеден өтерінен көп бұрын, Шығысы Шәуешек, батысы барша қазақ жері, солтүстігі Семей, оңтүстігі Алматы жолының қилысындағы «92-шақырымдағы» (ел бүгінде «Қабдеш бекеті» атап жүр) жерді таңдауы философиялық тереңдігі, көшпенді елдің «Соңғы көшін» бастаған ұлының даналығы!

Шепте тұрсам болып  
бір жауынгерін,  
Жағаласса жармасып  
жауым менің.  
Көрсетем шын батырлық,  
жүректілік,  
Бір өзіне арқамды тіреп тұрып.  
«Туған ел» өлеңіндегі осы сөзіне  
адалдығын танытып, азаматтық  
ардың туын құлатпай, қорғаны  
болып тұр!

Әубәкір РАХИМОВ,  
Қазақстанның еңбек сіңірген  
қайраткері, режиссер, профессор

Халықаралық қатынастар ұшығып тұр. Танымал сарапшылардың аузынан «Жаңа Әлемдік тәртіп» мәселелері де қарастырыла бастады. Осы ретте, Орталық Азия аймағының геосаяси маңызы артып, жетекші ойыншылардың барлығы өз ықпалдарын аталған аймақта арттыру мәселесімен шұғыл кіріскенге ұқсайды. Біз тұратын аймақтың әлем назарына ілініп, қарым-қатынастардың жаңа көкжиегі көңіл қуантса, екінші жағынан «жетекші ойыншылардың қақтығыс алаңына айналып кетпей ме? – деген қорқыныш та жоқ емес. Орталық Азияға кіммен, қандай байланыста болған дұрыс?... Әлқиссасын айталық...

өзгертіп қазіргі төраға Си Цзиньпинь мырза үшінші кезеңге аяқ басты және ең бастысы өмірінің соңына дейін билік құру жүйесін құрып алды. Әлемнің екінші экономикасы және әлемнің ең үлкен тұтынушысы болып табылаты ҚХР-дағы саяси өзгерістер Орталық Азия үшін ғана емес, әлем үшін маңызды. Әлемнің барлық Бұқаралық ақпарат құралдары 20 съездің толықтай қадағалып отырды. Қытайдың Орталық Азияға қатысты қарым-қатынасы аймақ үшін аса маңызды бағыттың бірі. Қытай Халық Республикасы үшін Орталық Азия аймағындағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтау өте маңызды. Аймақтағы тұрақтылықты сақтау тек экономикалық

## ОРТАЛЫҚ АЗИЯ + ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ

Орталық Азияның шынымен геосаяси маңызы арта ма, әлде энергоресурс алдағы қыстан толық шығуға жетпейтіндіктен бе, Еуропалық Одақ кеңесінің басшысы Шарль Мишель келді Елордаға. Орталық Азия + Еуропалық Одақ форматында жаңа бір платформа пайда болып, тараптар қарым-қатынастың мүмкіндіктерін талқылады. Еуропалық Одақтың бұл қадамынан бірнеше себеп көргендей болдық: біріншіден (ең басты себеп), шынымен энергетикалық мұқтаждық. Еуропаның жер-жерлерінде қымбатшылыққа қарсы шерулер белең алуда. Еуропа осы қыстан аман шығу үшін тіпті ЖОО-ын ішінара онлайн

маңызды емес дегенді білдірмейді. Ал Орталық Азия үшін аймақтағы күштер теңдігі мәселесінде АҚШ салмағы маңызды.

«Орталық Азия +» формуласын тарқатып жаза беруге болады. Себебі, мүдделі ойыншылар көп. Мәселен, Индия, Иран, БРИКС, АСЕАН және т.б. Негізгі сұрақ тараптардың бәрін тізіп шығу емес, Орталық Азияның өзіне қайтпек керек? Орталық Азия ішінде интеграция бар ма?

## ОРТАЛЫҚ АЗИЯ = АЛТЫ АЛАШ

Алты Алаш идеясы. Жаһандану заманындағы халықаралық қатынастарда күштердің арасалмағын реттеу, экономикалық өзара тәуелділік, ұжымдық

Азиядағы бес мемлекетті құраушы ұлттарды және бір жерлерде Қарақалпақ ұлтын, екінші бір жерлерде Ноғай ұлтын қосып отырады. Қалай болғанда да Орталық Азия мемлекеттері үшін бағзы заманнан қазіргі уақытқа дейін, аймақтағы ұжымдық шешімдер, ұжымдық қорғану, өзара қайшылықтарды аймақ ішінде өзара тәуелділік қағидаттары арқылы реттеу мақсаттары күн тәртібінен алынған емес.

XXI ғасырдағы Орталық Азия аймағының маңыздылығының артуы, аймақтың табиғи ресурстарға бай қоры, аймақтың транзиттік әлеуеті, сонымен қатар, геосаяси тұжырымдар бойынша болжанып отырған жарқын болашағы, халықаралық қатынастардың жаңа тәртіптері мен ережелері қалыптасып жатқан уақытта Қазақ хандарының «Алты Алаш» идеясын тарихи негіз етіп ала отырып, Орталық Азия мемлекеттер арасындағы интеграциялық үдерісті жылдамдату керек.

«Алты Алаш» идеясын көтерген Қазақ хандары тұсында Қазақ хандығының өркендеу және даму кезеңін бастан кешіргенін көреміз. Қазақ хандығы тарихындағы халықаралық дәрежеде мойындалған, аймақтық дәрежеде бекітілген, ішкі саясатта тұрақтылық пен тыныштыққа қамтамасыз етілген кез-келген хронологиялық кезеңдерді алып қарасаңыз Қазақ хандарының сыртқы саясатында теорияға негізделген ұтымды тұжырымдар болған. Орталық Азия аймағы «Алты Алаш» идеясынан саясаттың, әр мемлекет сыртқы саясатын жеке жүргізе бастаған уақыттан бастап, отарлау және тәуелсіздіктен айырылу кезеңдері басталды. Патша үкіметіне қарсы әр жердегі көтерілістер, ұжымдық деңгейге көтеріле алмады және нәтижесінде Орталық Азия тұтастай отар елдер қатарына қосылды.

«Алты Алаш» идеясы патша үкіметі құлап, Кеңес үкіметі орнайтын аралықта Алаш қайраткерлерімен қайта көтерілді. Дегенмен, Алашордашылардың геосаяси қадамдары мен тұжырымдары басқа мақала мен терең зерттеуді талап етеді. Тек бұл «Алты Алаш» идеясының XX ғасырда да өлмегенін, тарихи сабақтастық сақталғандығына тағы бір назар аудартқымыз келеді.

ҚР жоғары оқу орындағы «геосаясат негіздері», «халықаралық қатынастар теориясы» пәндері оқытылған кезде, міндетті түрде Қасым хан, Хакназар хан, Тәуекел хан және Абылай хан мысалындағы қазақ көшбасшыларының геосаяси тұжырымдары мен шешімдері оқытылуы керек. Ал академиялық ғылыми орта үшін, Қазақ көшбасшыларының сыртқы саясатына халықаралық қатынастар теориялары мен тұжырымдары тұрғысынан қайта баға беру міндеті тұр.

Орталық Азия үшін ең маңызды дүние – ішкі бірлік. Олай болмаған жағдайда, жоғарыда көрсетілген сыртқы ойыншылардың қай-қайсысында өз мүдделі аймақтарын ойындай отырып кетсе, Алты Алаштың бірлігі үшін күресу қажет.

Думан ЖЕКЕНОВ,  
Әл-Фараби атындағы  
Қазақ Ұлттық университетінің  
Халықаралық қатынастар  
факультетінің деканы,  
PhD, қауымдастырылған  
профессор

# ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ГЕОСАЯСИ МАҢЫЗЫ АРТЫП ОТЫР

## ОРТАЛЫҚ АЗИЯ + АУҒАНСТАН

Бір жыл бұрын Орталық Азия аймағына көрші болып табылатын Ауғанстанда ресми билікті Халықаралық деңгейде террористік ұйым болып танылатын Тәліптер басып алды. Аймақ территориясын тарихтың әртүрлі кезеңінде бақылаушы ұстаған Ұлыбритания, Ресей және АҚШ, ауған мемлекеті үшін де, оның көршілері үшін де «ендігі жерде мәселелерінді өздерің шешіп алындар» деген кейіпте қалдырып кете барды. Орталық Азия өзінің дәл іргесінде орналасқан осы бір тұрақсыз аймақпен қалай да қатынас орнатуға мәжбүр.

## ОРТАЛЫҚ АЗИЯ + РЕСЕЙ

Украина мен Ресей Федерациясы арасында болып жатқан әскери қақтығыстар Орталық Азияның жалпы қауіпсіздік мәселесіне тікелей әсер етіп отыр. Біріншіден, соғыс ұзаққа созылып, жаңа деңгейге көтерілген жағдайда аймақ мемлекеттерінің тікелей немесе жанама соғысқа араласу қаупі бар. Екінші жағынан, Орталық Азия мемлекеттерінің транспорттық-логистикалық маңызының артуы. Мәселен, Қазақстанның сыртқы шығарылатын энергоресурстарының 70 пайызы Еуропа елдеріне жеткізіледі екен. Бірақ, осы 70 пайыз, Еуропалық елдердің тұтынушылық сұраныстарының тек 6 пайызын ғана қанағаттандырады. Үшіншіден, Ресей Федерациясының қарсыластары Мәскеуді әлсірету мақсатында айналасында (периферия) тұрақсыздық орнатуды да көздеуі мүмкін. Мәселен, Әзірбайжан-Армян, Қырғыз-Тәжік қақтығыстары.

## ОРТАЛЫҚ АЗИЯ + ҚЫТАЙ

2022 жылдың қазан айының 16-22 жұлдыздары аралығында Қытай Халық Республикасының партиясының тарихи 20 съезді өтті. Қорытындысы бойынша, қытай жоғарғы билігінде сақталған билік алмасу ережесін



мүдде тұрғысынан ғана емес, мемлекеттің ішкі тыныштығын бұзбау үшін де қажет. Шынжаң-Ұйғыр автономиялық ауданында мұсылман халықтарының болуы, оның ішінде орталық билікке қарсы оппозицияның болуы, оның ықпал ету аймағына тым жақын Ауғанстан Ислам мемлекетінің құрылуы, сонымен қатар олардың тарихи, этникалық және ең бастысы, діни бірлігі Қытай үшін маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Қытай басшылары Орталық Азия аймағын діни экстремизм мен радикалды ағымдардың өз аумағына енуіне жол бермеу үшін қалқан «буфер» ретінде пайдаланбақ.

## ОРТАЛЫҚ АЗИЯ + ТҮРКИЯ

Реджеп Тайып Эрдоған басқарып отырған Түркия Республикасы да тарихи тамырдың ортақтығын, этникалық тұран идеясы және алдыға тартып, Орталық Азия аймағын ғана емес тұтас Түркі әлімін тұтастандырғысы келеді. Ол үшін де Орталық Азия маңызды аймақ болып отыр. Тұран идеясы бүгін-ертең іске аса қоймасы түсінікті, тіпті мәңгі идея қалпында қалар. Дегенмен, Орталық Азия аймағындағы күштер теңдігін сақтау мәселесінде Түркия салмағы маңызды.

режимге көшіруді қарастыруда деген ақпараттар бар. Мейрамханалар мен асханалар тамақ даярлауда электр қуатын пайдалануға көшіп кетті; екіншіден, Ресейдің Орталық Азия аймағындағы ықпалы азайған уақытта, аймақ мемлекеттерімен екі жақты және көп жақты форматтарда қарым-қатынас деңгейін жаңа сатыға көтеру; үшіншіден, РФ-ын айналдыратын транспорттық-логистикалық транзиттік жолдардың әлеуетін арттыру.

## ОРТАЛЫҚ АЗИЯ + АҚШ

Орталық Азия және АҚШ қатынастары жеке қарастыратындай деңгейде емес. Дегенмен, аймақтағы сарапшылар күштер теңдігін сақтауда жаһанның көшбасшы ойыншысын да бұл ойынға араластырудың маңызды екендігін айтуда. Біздің ойымызға бірден Американдық ғалым, Джон Хопкинс Университетінің Орталық Азия және Кавказ институтының профессоры Фредерик Старрдың «Үлкен Орталық Азия» идеясы оралады. Әрине, бұл сол кездегі негізгі мақсаты АҚШ-тың жаңа аймаққа кіру үшін жасалған теориялық қадамдары болатын. Бірақ, «Үлкен Орталық Азия» жобасы сәтсіз болды деп айтсақ болады. АҚШ-тың жаңарған сыртқы саясатында Орталық Азия аймағының маңызы нақты көрсетілмеген, бірақ бұл АҚШ үшін Орталық Азия

қорғану немесе қиыншылықтар мен қақтығыстардың алдын алу мәселелерінде интеграциялық үдеріс аса маңызды. Еуропалық Одақ интеграцияның ең жетілдірілген үлгісін көрсетіп отыр. Әрине, Еуропалық Одақтың интеграциялық үдерісінде қайшылықтар мен кемшіліктер бар, дегенмен, ұжымдық басқару, қорғану мәселелерінде Орталық Азия үшін алғашқы ұтымды мысал бола бізге даусыз.

Еуропалық елдер халықаралық қатынастар сахнасындағы күштер ара салмағында Еуропалық Одақ аясында интеграцияға түсу керек екендігін екінші дүние жүзілік соғыс аяқталғаннан кейін қолға алды. Осыған ұқсас Еуразия құрлығында екі күшті империя арасында орналасқан Орталық Азиялық мемлекеттер үшін, күштер арасындағы теңдікті сақтау үшін шұғыл интеграция жасау керектігі қазіргі осы мемлекеттердің ғалымдарының да басшыларының да ресми мәлімдемелерінде айтылып жүр. Ал осы интеграциялық үдерістің тарихи бастауы Қазақ хандары, Хакназар, Тәуекел хандардан басталған, Абылай хан сыртқы саясатының негізгі басымдықтарына айналған «Алты Алаш» идеясынан басталады. Қазақ хандары халықаралық геосаяси ойындардың барысын нақты болжай алған және алдынала ұтқыр шешімдер қабылдаған. «Алты Алаш» құрамына Орталық

Қазақстанда үлкен футболдан төрі кіші футбол, яғни, футболдың өте жоғары деңгейде дамып кеткеніне спортсүйер қауымның баршығына белгілі. Ерғали Бегманұлы үлкен футболмен қоштасқан соң футболдан Алматының «Алиби» командасында ойнап, 1999-2003 жылдары қатарынан 3 рет Қазақстан чемпионы атанып, сонымен бірге Кубок иегері болды. 2000 жылы Қазақстанның құрама командасында Америка Құрама Штаттарының Гватемала қаласында Әлем чемпионатына қатысады. Топтық кезеңде Әлем чемпиондары – Бразилия, Еуропа чемпиондары – Португалия сияқты атағынан ат үркетін елдердің азулы командаларымен ойнап, Қазақстанның әлемдік аламандағы алғашқы қадамын бастап берген де біздің жерлесіміз Халықов Ерғали болатын.

Ерғалидың үлкен футболдағы жетістіктері жөнінде аз да болса жоғарыда айтып өттік, дегенмен, жерлесіміздің футболда күллі әлемді елең еткізген шағы, сол жылдарда Оңтүстік Африка Республикасының астанасы Кейптаун қаласында, алпыс жеті мемлекеттің командасы қатысқан әуесқойлар арасында өткен Әлем біріншілігі еді. Аса тартысты өткен бұл додада Қазақстан командасы тарихта тұңғыш рет финалға шығып, күміс медальді қанжығасына байлап, екінші орынды қанағат тұтқан. Ал Ерғали Бегманұлы жиырма жеті гол соғып, Әлемдік біріншіліктің «Үздік сұрмергені» атанды. Бұл доп додасы жайында кезінде әлемдік ақпарат құралдары жарыса жазған болатын. Бұдан артық қандай жетістік бар?! Міне, кіші футбол деп енжарлық танытпай талай ел тамашалаған доп додасында осы саланың жілік майын шағып жеген сайыпқырандардың таңдайын қақтырған біздің жерлесіміз, шағалалы Шардараның шағылында шыныққан шарболат перзенті – Ерғали Бегманұлы бауырымыз.

Әңгімеміздің басында айтып кеткендей, сол кездерде Шардара қаласында қаншама өзге ұлт өкілдері ғұмыр кешіп жатты. Сол тұрғындардың ішінде өзінің жаттықтырушылық қабілетімен және техникалық шеберлігімен таләйды мойындайтын Шардара ауданының құрама командасының белді ойыншысы Әбілаш Қалдаров ағамыз еді. Ерғали Бегманұлының футболдағы спорттық өмірінде осы дәрежеге жетуіне бірден-бір себепші болған Әбілаш ағамыз десек, сірә қателеспейміз. Әбекем сол кездерде көк шалғыны жоқ, айтақыр футбол алаңдарында Ерғалимен бірге Бакытжан Ераханов, Берік Ераханов, Сергей Гришмановский, Сәрсен Дәрібаев, Әбдіқадір Жүнісов, Әмзе Момынов, Бейдулла Тәліпов, Сапар Сманов, Дмитрий Хартамачиди, Нұрғали Тілешов сынды ойыншыларды тәрбиелеп шығарды. Әбілаш аға команданың қалыптасуына аянбай еңбек еткен болса, Құдайберген Маханов аудандық, облыстық жарыстардың іс-қағаздарын, ойыншылардың жарысқа барып-келудегі қаражат жағының барлығын қамдастырып жүретін. Екі азамат та қазіргі таңда Шардара қаласында ғұмыр кешіп жатыр.

Екеуара әңгіме барысында Ерғали бір мезгіл мектептегі оқушылық ғұмырына оралды.

«Шардара орта мектебінде оқып жүргенде мақта терімге баратынбыз. Қоғамдық жұмыстан ешқашан қашқан емеспін. Түс қайта сағат төрт-беске дейін екі жүз келіні ойнап-күліп теріп тастаймын. Ұстаздарым дән риза.

Шардара қаласы Шардара ауданының орталығы болып саналған сонау өткен ғасырдың алпысыншы жылдары қалада өзге ұлт өкілдері өте басым болатын. Өнер байқауларында, спорт жарыстарында олардың көптігі кәдімгідей байқалып тұратын. Сонда да болса қазақ ұлтынан шыққан жігіттер өнерде де, спортта да өз талантын көрсете білді, лайықты бағасын ала да білді. Соның бірі – Ерғали Халықов бауырымыз.

Ерғали Бегманұлы 1966 жылы қаңтардың басында Шардара қаласында дүниеге келген. 1-сыныптан 7-сыныпқа дейін М.Әуезов атындағы мектепте, 8-10 сыныптарды Шардара орта мектебінде оқып бітірді. 1983-89 жылдары Қазақ Физкультура институтын үздіктер қатарында бітіріп шығады. Футболға жасынан жаны құмар жігіт институт қабырғасында оқып жүргенде «СКИФ»-Алматы, кейін «Мелиоратор» – Қызылордада «СКИФ» – Шымкент, кейінірек Ташкент облысының Ғазалкент командаларында жасындай жарқырады.



# ЕР КӨҢІЛДІ ЕРҒАЛИ

Бір күні Мамыр Жалаңбасов ағай, «Ерғалимен, бүгін аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Л.Бекжанов келеті екен. Сол кісінің келуі құрметіне көбірек терші. Екі жүз келіні күнде теріп жүрсін ғой. Бүгін бір бар күшіңді салып, әрекет жасашы»,

зауытында өткізген кешкі жиналысында үлкен кісіден мақтау, марапат алып, ұстаздарым да, мен де мәз болып қалған кездерімді әлі де ұмытпаймын. Ол кезде мектеп бітіруші түлектердің мінездемесінде «Қоғамдық жұмысқа белсене араласады»

Жалаңбасов, Заманбек Озғанбаев ағайлардың ықпалымен өзім армандап жүрген Қазақ Физкультура институтының арнайы жолдамасына қол жеткіздім. Менің спорттық өмірімнің қалыптасуына септігі тиген жаны жайсаң жандарды ешуақытта ұмытпаймын», – дейді ғой біздің кейіпкеріміз.

Сөз орайы келгенде айта кетейік, Қазақстан Тәуелсіздік алған жылдары-ақ Қазақстан Футбол Федерациясы құрылды. 1994 жылы ФИФА-ның толыққанды мүшесі атанды. 2001 жылға дейін Азиялық конфедерацияға кірген болса, 2002 жылдан бастап УЕФА-ның құрамына өтті. Сол жылдың 25 сәуірінде УЕФА-ның 52-ші мүшесі болып қабылданды. Қазақстанды Футбол Қауымдастықтары Одағы құрамына қабылдау туралы шешім Стокгольмда өткен УЕФА-ның кезекті конгресінде бекітілді. Содан бері 25 сәуір – Қазақстан Футболы күні ретінде аталып өтеді.

Біздің Қазақстан мен Азияның тоғысқан жерінде орналасқан мемлекет. Сондықтан біз спорттың қай түрінен, қай ұйымға мүше болсақ та олқылық етпейміз. Ал мүшелікке енген соң ары қарай сол дәрежеге лайықты еңбек ету – ол сол ұжымның басқару органдарында жүрген азаматтардың адалдығына, өз міндеттен деген құрметі мен имандылығына бай-

ланысты. Қазақстанның осындай деңгейге көтерілуіне белгілі саясаткер Рахат Әлиевтің еңбегі зор десек қателеспейміз. Ары қарай Қазақстан футболын дамытып кету үшін балалар мен жасөспірімдер футболын қатты қолдау қажет еді. Өкінішке орай бұл жағы күні бүгінге дейін ойсырап жатқан жайы бар. Сондықтан біз әлі күнге дейін топтық кезеңнен әрі аса алмай жатырмыз.

Мұндай өкініш бір менің ғана емес, қазақстандық мыңдаған жанкүйерлердің жанын тілгілеп кеткені бесенеден белгілі дүние. Міне осының барлығы балалар спортының назардан тыс қалуында. Балалар спортының іргетасы мықты болмай, болашақтан үміт күтпей-ақ қоялық.

Бірді айтып, бірге кеткендей болмайық, десек те, бұл тақырыпқа келгенде Ерғали Бегманұлымен аз-кем сұхбаттасқанның өзінде қазақ футболының жай-күйіне деген көзқарасымыз бір жерден шыққанына қуандым.

Футбол – миллиондардың ойыны. Футбол – командалық ойын. Ал командада ұлттық намыс, ұлттық сезім болмай ол команда ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетіп, жетім құлынның күйін кешкені кешкен.

Қолыма Ерғалидың Португалияның Әлсебиоге әйгілі футболшысы Эсебиомен түскен суреті түсті. Иә, футболдағы алғашқы қадамын атақты «Бенфика» клубынан бастап, өмірінің он бес жылын Португалия құрамасына арнаған, футбол әлемінде көз ілеспес жылдамдығымен, асақ шеберлігімен «Қара қабылан» лақап атпен мәлім болған, кәдулігі Эйзебиу де Силва Феррейра–Эйсебио Әлем мойындаған футбол серкесі Ерғалидың бойындағы қабілетті байқамаса, қатар тұрып суретке түсе қоймас, сірә?.. Мықтылар – мықтыларды тани біледі, мойындайды. Ал керісінше біз өзімізді өзіміз құрметтей алмаймыз. Өсіп бара жатқан ұлымызды да, қызымызды да аяқтан шалып, әжуа қылсақ содан рахаттанатын халықпыз. Әйтпесе, осы уақытқа дейін қанша мемлекетті аралап өнер көрсеткен, өзінің техникасымен талай футбол мамандарын мойындайтын Ерғали сияқты қазақтың қара баласына неге Қазақстан құрамасының тізгінін бермеске?!

Шетелдің жалаңаяқтарына жем бола бергенше, бір сәт жаны да қазақ, тәні де қазақ, ары да қазақ, діні де қазақ, мүмкіндік берсек қалай болар екен, ағайын?

«Ісінді көпке сал, көпті Құдайға сал» деген сөз бар. Ендігі әңгіме қазақ футболы үшін жан күйдіріп жүрген қалың қауымда.

Ерғалидай азаматпен ашық-жарқын әңгімеден түйген ой түйіні осы болды.

Халықов Ерғали қазіргі таңда Алматы қаласы, Түркісіб ауданы бойынша тіркеу және жер кадастры бөлімінің бас маманы болып қызмет атқарып жатыр.

Шардарасының шағаласын сағынғанда отбасымен келіп, бес-алты күн жатып, ағайын-туысын, құрбы-құрдастарын қауышып, аунап-қунап кетеді. Елуді еркін еңсерсе де, спорттық тұлғасын сақтай білген жерлесімізді біз де сағынамыз.

Әбдіғаппар АЙДАРОВ,  
Қазақстан Журналистер  
одағының мүшесі



Футбол жұлдызы Эйсебиомен бірге.

– деді. Мен сол күні үш жүз елу деген сөз жазылса, ол сөзге қай келі тердім. Кешке қарай менің ұстаздарым – мектеп директоры Жамал Төлешова апай мен Заманбек Озғанбаев ағайлар аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Л.Бекжановтың «Достық» кеңсінде мақта



Футболдан Шардара ауданы құрамасы. 1985 жылдар.

Қазақ қаламгерлерінің ішінде өмірдегі һәм өнернамадағы мінезі де, мәнері де өзгеше жазушы Әкім Тарази ағамыз екендігіне ешкім шүбә келтіре қоймас. Кезінде әдебиет саласындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері атануы да әбден заңды құбылыс еді. Ал енді екіншісі біріне беріле бермес Бейімбет Майлин атындағы сыйлықты еншілегенде суреткердің айрықша шынайылық қырлары ескерілгені анық. Өмір шындығын жүрек сүзгісінен елеп өткізіп, боямасыз да әсіресе көркем шындыққа айналдыруда Әкім Тарази меңгерген шеберлік мектебінің тағылымы мол. Сол үшін де біз әңгімені Әкім ағаның әдебиетке қалай келгенінен бастағанды жөн көріп едік.

## Әкім ТАРАЗИ:

— Менің әдебиетке келуім, бір жағы қалжыңға сүйеп айтсам, етікшіге байланысты болды, — деп жазушы аға әнтек жымыды да, сөзін әрі қарай жалғады. — Кәдімгі етік тігетін кісі. Ол кезде мына Шу ауданының орталығы Новотроицкіде жас мұғаліммін. Осында менен бірер жыл бұрын, 50-ші жылдардың басында, сотталып Сібірге айдалар алдында атақтар тарихшы Бекмаханов сабақ берген. Сонда біздің үйдің қасында бір етікші кісі тұрды. Үйінің алдына арлы-берлі өтіп жүрмін. Бір күні «Әй, бала, бері кел!» деп шақырып алды.

— Сен мына Үкеңнің баласысың ба?

— Иә.

— Үкеңнің баласы болсаң, ары өтесің, бері өтесің, неге маған сәлем бермейсің? Мен отырмын ғой мына жерде...

— Кешіріңіз, аға, сізді танымаймын ғой, — деп піні сасқанымнан.

— Е, жұрттың бәрі танығанда сен неге танымайсың. Мен етік тігудің шеберімін. Міне, мына етіктерді қарашы. Мына етік, ана етік. Менің тек бір кемшілігім бар. Мен тек 38-ші өлшем етік тігемін...

... Мен үндемей тындап тұрмын. «Неге?» деп сұрамап тағы да қиын боп қала ма деймін. Ал етікші көршіміз әңгімесін ары қарай айта берді.

— Сен білесің бе? Совет Одағының жауы көп, — деді.

— Егер мен 39,40,41-ші размерлі етіктерді тіксем, анау америкалықтар, ағылшындар, немістер ойлайды ғой, мынау Қазақстандағы қазақтардың бәрінің аяқтары өсіп кеткен екен деп. Ертеңнен кара кешке дейін жұмыс істейді екен деп ойлайды. Ал егер 38-ден төмен, 35,36-шы өлшемді етік тіксем, дұшпандарымыз аямайды бізді. «Әй, мынақар жалқау екен, үйден шықпай жатып алады екен. Сондықтан аяқтары өспей қалған» деп ойлайды. Осы себептен де мен ылғи тек қана 38-ші өлшем етік тігемін.

— Қызық жағдай екен. Советтік қоғамның пародиясы сияқты ма, қалай?

— Күлеміз-ау. Күлетін емес, жылайтын нәрсе, әрине... 15 шақты етікті сөреге тізіп қойыпты. Ішімнен күліп



# ДОСТАРЫМДЫ МЕН ӨЗІМ

тұрмын. Көзінше, енді күле алмаймын ғой. Үйге келгенде бәріне әкеме айтып едім: «Қарағым, ол үйге неменеге барып жүрсің. Ол бір есі кіресілі-шығасылы науқас адам ғой» деп қабағын шытты. Кейін ойласам, науқас адам тұрмақ, сау адамның да советтік санасының осыдан озып кеткені шамалы екен-ау. Мен оны қайдан білейін, содан кейін сол әсермен «Етікші» деген» фельетон сыпатындағы әңгіме жаздым. Бір жақсысы, сол кезде «Ара» — «Шмель» журналы шыға бастады, редакторы Ғабит Мүсірепов деген хабарды «Социалистік Қазақстан» газетінен көзім шалды. Содан әңгімеді әлгі журналға салдым да жібердім.

Біраз уақыт өтті. Хабар жоқ. Е, баспайтын болған шығар деп жүре бердім. Бір күні үйге телефон соқты.

— Әкім деген бала бар ма?

— Бар.

— Әй, сен ана Үкең деген ақсақалдың баласысың ба?

— Иә.

— Мен Әбен Сатыбалдиев деген аға боламын. «Ара» журналының «Жауапты хатшысы». Сенің «Етікшіңді» оқыдым. Күлдік. Бірақ баспаймыз. Дегенмен, сен өзін келіп бізге жолығып кет.

Осыдан көп ұзамай пионер вожатый ретінде балаларды бастап апаруым керек болып Алматыға жолым түсті. Бір күні

келе жатсақ, бас поштаға қарсы беттен «Ара» — «Шмель» деген жазуы бар үйі ұшыраса кетті. Балаларды тапсырдым да, кірдім. Бойымнан толқу сезіндім. Бір есікте «Ғабит Мүсірепов» деген жазу тұр. Оған кіруге батпадым. Себебі, оқулықтан суреті де, шығармалары да санамызға сіңіп қалған, пірдей елестейді. Қазақ совет әдебиеті ол кезде Сәбит Мұқановтан басталады. Мұхтар Әуезов. Ғабит Мүсірепов. Ғабиден Мұстафин. Оқулықта осы төртеуі тұратын. Содан мен «жауапты хатшы» деп жазылған есікте аштым. Телефонда Өбен Сатыбалдиев. «Етікшің» бізге ұнады. Бірақ баспаймыз» деп аңада айтқанын қайталады тағы. «Баспаса неге шақырады?» деп ойлаймын. Іле осы ойыма жауап катқандай: «Есесің біз сені қызметке аламыз» — деді. Шамалыдан кейін Ғабит Мүсіреповке алып кірді.

Ғабен жарықтық әуелі маған қараған жоқ. Басын салбыратып өз ойымен отырғандай. Міз бағар емес. Үндемейді, алып кірген кісі де үндемейді. Әсіресе, жас кезімде менің мінезім де

келіскен мінез емес еді. Осы, қарғып тұрып шығып кетсем бе екен деп ойладым. Бір сәт дегбірім таусылып тұруға оңтайлана бергенімде Ғабен басын көтерді.

— Сен, қарағым, Үртай Әшімовтің баласысың ба?

— Иә.

— Ол кісі Орынборда оқыған ғой.

— Иә.

— Сол жақта мен ол кісіні көргенмін бірнеше рет... ал сенің мынауыңды біз баспаймыз, қарағым. Бірақ мен сені қызметке аламын. 85 сом айлық жете ме саған?

Ол кезде мұғалімдердің айлығы 40-50 сомның айналасында.

— Жетеді, аға, — дедім.

— Онда мына жігітке приказ бер. Ертең сағат 8-де келсін.

Былай шыққасын Әбен аға «Жолың болғыш жігіт екенсің!» — деп арқамнан қақты.

Осылай «Етікшім» басылмаса да қызметке тұруға септігін тигізді, әдебиет ортасына енгізіп жіберді. Бірақ кейін жарияланды.

— Қамқоршыңыз Ғабен бол-

са жолыңыз қалай болмасын? Шынында да, ақжолтай екенсіз. Одан соң да талай жақсы ағалар кездескен болар?

— Иә, сөйтіп Ғабен жолымды ашты. Бұл 1956 жыл жиырма үш жастамын. Нағыз қайнап тұрған кезім. Әу бастан осылай жақсы адамдар, әулие кісілер кездесті. Солардың тәрбиесінде болдык. Әбен Сатыбалдиев. Одан соң тікелей бөлім бастығым — Өтебай Қанахин. Бұрынғы офицер Тәртіптің адамы. Кейін үлкей жазушы болды. «Етікшімді» оқығаннан кейін «Социалистік Қазақстанның» фельетоншысы Балғабек Қыдырбекұлының да оң қабағына іліндім. Үнемі ілтипатында жүрдім. Осындай жақсы ағалардың арқасында әдебиетке жол ашылды. Ел ішіне командировкаға көп шықтым. Анда-мында жібереді, шағым хаттарды тексеремін. Көбінесе Шымкент, Қызылордаға бара-

мын. Ғабеннің бір жақсылығы, әкем қатты ауырып, үйде болуыма тура келгенінде де қызметтен босатпады, мақаламды жазып тұрдым, ауылда жүріп-ақ жалақымды алып тұрдым. Әнеки, үлкен жүректі аға қамқорлығы осы емес пе?!

Жастықтың жігер-жалынымен көп жаздым, бірақ авторы ретінде атымды көрсетпедім. Түрлі бүркеншік аттар қойдым. Хат иесінің атынан да фельетон жазатынымын. Сол фельетондарды өзімнің шығармам деп айтуға намыстанып жүрдім. Әдебиетке мөлдіреген таза қалпында, ештеңеге былғанбай, жазушылық атқа кір жұқтырмай келуім керек деп ойладым. Фельетон да әдебиеттің бір жанры екеніне мән бермеппін.

— Тілді, жанды, қанды салып жазған шығарсыз оған да?

— Жаздым. Қаламымнан шыққан нәрсенің бәріне барымды салатын әдетім. Бір қызығы, проза 7 том, пьесаларым мен фельетондарым бір-бір том болып кейін кітаптарым шыққан соң қарап оқысам, менің барлық шығармаларымда мысқыл, әжуа, кекесін табы бар екен.





Стиліме сіңісіп, табиғи түрде араласып кіріп кеткен. Ғабеннің арқасында. Юморы да бар, бәрі де бар. Өмірдің өз күлкісі. Жазушы болғандықтан, әдебиетке келуім сондай үлкен ағалардың арқасы деп білемін.

Осы арада айтайын, менің бір өкінішім, қол созса жетерлік жақын жерде тұрып Әуезовке батылым жетіп, батып бара алмадым, сәлем бере алмадым. «Абайын» оқыдым. Қызықтым. Ол кісімен бір күні Мәскеуде, «Москва» қонақүйінде ұшырасып қалдым. «Крокодилге» де жазып жүретін кезім. Иссапармен келіп тұрамын. Мен қонақүйге кіре бергенде Мұхтар Әуезов шығып келе жатыр екен. Қалт тұра қалдым. Ол кісі жайымен шығып кетті. Ал кешке сыртқа шығайын десем, ішке кіріп келе жатыр. Содан өзім сол арада біртүрлі боп, ырым қылып есіктегі қолы тиген жерді ұстадым. Мынау Мұханның қолы тиген жер ғой деп едәуір уақыт толғана, толқып ұстап тұрдым. Дәл қасында тұрып батып сәлем бере алмағаным өмір бойғы ғасыл арманым болып қалды. Әуезов Мәскеуде қайтыс болғанда да мен сонда, ВГИК-тің

«Литературная газетада» екі жыл қызмет еттім. Алматыдағы тілшісі болдым.

– Әкім аға, орыс тілін осыншалықты деңгейде қай жерде, қалай меңгеріп алғансыз сонда?

– Жаңа айтқан Новотроицк деген – Шу ауданының орталығы. Сонда оншақты ғана қазақ болатын, қалғанының бәрі орыс. Мен өзім мектепті қазақша бітірсем де, осындағы орыс мектебінде орыс тілінен сабақ бердім. ВГИК курсына екі жыл, одан Жоғары комсомол мектебінде бір жыл оқыдым. Осының бәрі әрі Мәскеуде жүріп оқуым орыс тілін тез, жақсы меңгеруіме септігін тигізді. Себебі, үнемі ізденіс, оқу-тоқу үстінде болдым. Шуда пионер лагерінің директоры болып жүргенде-ақ Толстойдың әуелі төрт томын түгел оқып шықтым. Одан екі том «Анна Каренинасын». Сөйтіп бірте-бірте орыс әдебиеті арқылы орыстың тілін, онда да көркем әдеби тілін меңгердім. Көшенің тілі емес, құнарлы орыс тілін Толстой арқылы, Пушкин, Лермонтов арқылы, Тургенев арқылы үйрендім. Әрі менің зердем, жадым, есте сақтау қабілетім күшті



# ТАҢДАДЫМ

екі жылды сценарийшілер курсында оқып жүргем. Жазушылар одағында кезекшілік атқаруға келген Ғабен де Мәскеуде болатын. Айтайын дегенім, менің мінезім қатты. Әкем өлгенде жылай алмадым. Шешем сонда: «Жыла! Неге жыламай тұрсың?!» деп желкемнен түйіп жіберді. Кейін анам қайтыс болғанда да жылай алмадым. Неге екенін білмеймін. Онда «Жыла!» деп желкемнен түйіп жіберетін де ешкім болмады. Ал енді Мұхтар Әуезов қайтыс болғанда өз-өзімнен жыладым. Мәскеуде оқуда жүргем. Қасында ешкім жоқ. Жалғызбын ғой. Мер етті ме? Жалғыздықтың күйігі ме? Әлде әдебиеттің киесі ме мені жылатқан? Сірә, екеуі де болар.

– ВГИК-тің курсына қай жылы түсіп жүрсіз?

– Киногерлер одағының екі жылдық курсы ғой. Киносценарийшілер дайындайды. Бұған түсуіме де Ғабеннің шарапаты тиген. Барған жылым – 1960. 1962 жылы бітірдім. Бір жылдан кейін қайтадан бардым. Бірте-бірте Мәскеу мені баурап, біте қайнасып кеттім. Кейін

болды. Бір-екі оқығаннан жатпап алып орыс тілінде мәнгерлеп айтып беремін. Пушкиннің небір өлеңдерін саңқылдатып жатқа соғамын, оқушыларыма.

– Ал енді алғашқы кесек шығармаларыңыз жайында да айта отырсаңыз?

– Әуелде жазушы боламын деген ойым жоқ еді. Ғабеннің қол астында «Ара» – «Шмельге» орыс тілінде келетін хаттарға жауап беріп жүрдім. Сосын өзім де ананы-мынаны орысша жаза бастадым. Сөйтіп «Тұлпардың ізімен» атты алғашқы повесімді орыс тілінде жазып бастадым. Осылай жалғастырып жаза бергенімде бұл күндері мүйізі қарағайдай орыс тілді қазақ жазушысы болып қалыптасуым да бек мүмкін еді. Бірақ іштен бір намыс тұрткілей берді. «Мен неге?! Орыс тілі – бай тіл. Толстойдың тілі, Чеховтың тілі. Құрметтеймін. Бірақ мен неге өзімнің ана тілімде жазбаймын?!» деп күрт қазақ тіліне көштім. Бұл оңай болмады. Әуезовті оқып шыққаннан кейін – Әуезовтің тілі, Әуезовпен ауырдым. Мүсіреповті оқығаннан кейін Ғабен еліктедім. Ақырында,

әдебиетке, көркем әдебиетке көркем әдебиет арқылы келдім. Өзім бел ортасында жүрген өмірді жаздым, негізінен. Кейіпкерлерім де айналамдағы адамдар, замандастарым болды. Айталық, «Аяз бен Бибі» повесінің негізіне Шудағы пионер лагерінде жүрген кездегі оқиғалар алынған. Жазушылық жолдың ауырлығын, қат-қабат қайшылығын да, солақай сынның есенгіретер соққысын да сезінбей, бастан кешпей қалған жоқпын. Мысалы, тәуір шығармаларым санатындағы алғашқы романы «Тасжарған» туралы «Сумасшедший бред Акима Тарази» деп шыққан бетбас мақаланы да көргенбіз, көтергенбіз. Шүкір құдайға, біраз жылдар өткенде осы романымыз әділімен бағалап, аспанға көтерген, менің пайымымша, ақиқатын айтқан: «Тасжарған» десе Тасжарған!» деген жүрекжарды лебізді де естуді нәсіп етіпті.

Ақырында келіп елге белгілі, қазақтың белді бір жазушысы болғаным үшін, тағы да айтамын, Ғабен рухани қарыздармын. Сонымен бірге сол жылдарда мен шығармасын оқымаған қазақ жазушысы жоқ болатын. Бұл да әдебиетке адалдықтың бір көрінісі. Сол кездердегі аға жазушылардың бауырмалдығы керемет-тін. Бір күні көшеде келе жатсам Тайыр Жароков аға: «Әй, әлгі етікші туралы жазған сен баласың ба?», – дейді. Басымыз ізеп едім. «Бері келші, маңдайыңнан иіскейін» деп маңдайыңнан иіскеді. Әдеби ортадағы алғаусыз көңіл, ылғалсыз ауан осындай-ды.

– Сіздің қатар құралшыластарыңыз шетінен мықты жазушылар. Достық, құрдастық әңгімелеріңіз де, әзілдеріңіз де ғажап. Соны бір еске түсірсеңіз қайтеді?

– Замандастарымның

ішінен достарымды мен өзім таңдадым. Елде жүргенде жас толқын қатарластарымды да көп оқыдым. Сайын Мұратбеков пен Қалихан Ысқақовқа бірден құлап түстім. Ал Рамазан Токтаровтың шығармаларын ұнатпай жүрдім. Бірде: «Сенің мұның не, шығармаларыңның бәрі халтура» деп ұрыстым. Содан ол маған қатты ренжіп, ерегісіп, Солтүстікке, Мұзды мұхитқа кетіп қалды. Қайтып келгеннен кейін бірнеше ай өткенде маған телефон соқты: «Әй Әкім, мен «Солтүстік шұғыласы» деген жаңа роман жаздым. Міне, саған өзім айтып отырмын, «Жұлдыз» журналына шығып жатыр, сен соны оқышы», – деді.

Романын оқып шықтым да, Павлодарда жатқан Рамазанға өзім барып, үйінде қона жатып, жақсы шығармасымен құттықтадым. Мәре-сәре болды. «Мынау керемет! Алматыға қайт» дедім. Рамазан да балаша қуанды. Осындай да болған.

Қалихан мен Сайынды да өзім тауып алдым. Олар мені Алтайға алып кетіп, үш ай бойы аралатып көрсетті. Таудың басына шыққанда, етегіне келді. Сол кезде ел көріп, жер көріп, қыдырып жүре береміз. Жазушы болған соң өмірді, табиғатты көру керек дейміз. Бір күні Сайын келіп Талдықорғанға шақырды. Ол жақта екі ай жүрдім. Шымкент пен Мақтаралды өзіміз барып көрдік. Талантты жазушы Нәсіреддин Серәлиев Қызылордаға шақырып, Нәсіреддин досымның қасында екі ай жүрдім. Сыр елінің шуағына бөленіп, керемет әсерлендім.

– Ойпырмай, сол кездегі достықтарыңыз қандай, ә?!

– Менің байлығым – осындай менің достарым.

– «Бес тапал» деген өңгіме де осыған байланысты шыққан ба?

– Әйгілі бес тапалдың әуелдегі құрамы: мен, Қалихан, Рамазан, Сайын, сосын Бек Тоғысбаев деген жазушы досымыз. Өзі әрі тәуір әнші еді. Бірақ Сайын бір күні өкпесін айтты. «Әй, мен сендерден он сантиметрдей биікпін ғой» – деді. «Онда сен шықтың» дедім. Қалихан бірдеңе деп келе жа-

тыр еді. «Қалихан, қой, екеуміз өкпелемейік, сен екеуміз тапалдықтан өмірбақи құтыла алмаймыз» деп тоқтаттым. «Енді төрт тапал, бір нахал болды» дедім. «Бір нахал» дегенім ана бізге қосылғысы келмей тұрған Сайын ғой. Бұл өзі бір клуб сияқты болды. Сайын айтуын айтса да, іс жүзінде өле-өлгенше осы клубтың жұлынжота, бел омыртқасындай болып өтті. Бекті кейін шығарып тастадық. Себебі, ол мақала жазып, бәрімізді сынады. Сынағанына ренжіген жоқпыз, бірақ мінезімен келісе алмадық. «Бес тапалдың» клубына кейін Қадыр Мырзалиев, басқа да жігіттер қосылды. Жетеу болдық, одан да көбейдік. Жарна төлеп, ресторандарға апарамыз. Сондай бір қызық дәурен, керемет әзіл-қалжың, жарастықтың заманы болып еді.

– Әкім аға, осы достарыңыз бар, өздеріңіз алпысыншы-жетпісінші жылдардан бастап әдебиеттің туын көтердіңіздер емес пе?

– Менің достарым әдебиеттің тарихында классик болып қалды. Қазақ әдебиетінің төртінші буыны бұл. Сайынды классик емес деп кім айтады? Қалиханды, Рамазанды классик емес деуші табыла ма? Қадыр мен Жүмекееннің классиктігіне кім таласады? Біздің тобымыз үлкен. Қырық шақты болып келдік. Соның бір он бесі қазақ әдебиетінің классигі атанды. Мұқағалидың жасы үлкенірек, әдебиетке бұрынырақ келсе де, біздің бауынға кірді. Кетекшіміз Мұқағали болып қалды. Сырбай, Ғафулардан кейінгі біздің жаңа буынды сол басқарды. Біз әдебиетке әдебиеттен келген жоқпыз. Біз елдің, қазақтың тұрмысын көріп, солардың көрген қиындығын көріп келдік. Ал әдебиетке әдебиеттен келгендер іске жарамай қалды. Мен журналистерді құрметтеймін, қатты сыйлаймын. Бірақ үлкен әдебиетке журналистикадан келуді де құптамаймын.

Бірге жүрген достарымның бәрінің кітаптарын соңғы жылдары түгел қайтадан оқып шықтым. Тірлікте қадірін білмейсің. Солар дүниеден өтіп кеткеннен кейік бәрінен сағынасың, іздейсің. Кезінде де оқығам. Бірақ қазіргі оқу басқаша. Автордың өзінің көзі жоқ, кейінгіге аманат етіп қалдырған сөзімен ғана бірме-бір, бетпе-бет қаласың. Барынша әділ боласың. Басқа көзбен қарайсың. Тапалдар клубындағы достарым шетінен толағайлар екен деген тоқтамды осылай бекіттім. Мен осы достарымның ешқайсынан артық болған жоқпын, артық емеспін. Әр уақытта өзімнің алдымда Сайын, Қалихан, Рамазан, Мұқағали, Жүмекеен, Қадыр, Сағи бар деп сөйлеймін.

– Қазір немен шұғылданып жүрсіз?

– Біраз айдың жүзі болды, Әкім Тарази деген жазушыны оқып жүрмін. Сыни тұрғыдан. Астын сызсып. Бір ауыз сөзбен түйіп айтсам, Әкім Тарази деген оқырманға ұнады. Тіпті, леп белгісін қойған жерлерім де бар.

Бірақ соңғы сөзді қазақтың оқырман қауымы, кейінгі ұрпақ айтады, шығармаларымның әділ бағасын болашақ береді деп білемін.

Қорғанбек АМАНЖОЛ,  
ақын, Халықаралық «Алаш»  
сыйлығының лауреаты



Геополитическая, экономическая, политическая ситуация за последние годы кардинально изменилась, что требует адекватного отношения к этим изменениям. Идет переформатирование прежней системы международных отношений, и человечество должно сделать правильный выбор, ориентируясь на решения ООН. Мир находится на распутье, и человечество переживает небывалые потрясения.

# ДВИЖЕНИЕ ЖОЛАМАНА И СРЕДНЕАЗИАТСКИЙ СОЮЗ: XIX И XXI ВВ.



СРЕДНЕАЗИАТСКИЙ СОЮЗ: XIX И XXI ВВ.

Хотя есть древняя мудрость о том, что «Нельзя дважды войти в одну и ту же реку», есть распространенная версия, что история циклична: всё в мире движется по кругу. Мы не только сравниваем современность с прошлым, но часто ищем параллели и даже повторы исторических событий.

Влюбом случае надо всегда оглядываться на прошедшие события, чтобы знать, как действовали наши предки в самых трудных ситуациях, на изломе исторических эпох.

Недаром известный писатель и исследователь Торегали Казиев не устает повторять: «На планете только три государства занимаются системным изучением истории, своей и мира — США, Великобритания и Израиль. Потому и командуют миром они, т.к. разбирают достижения и ошибки деятелей прошлого, просчитывают варианты событий и строят свое настоящее и будущее с учетом опыта своего народа и всего человечества».

К тому же, как отмечает Торегали Казиев, в этом году — 200-летие национально-освободительного движения под руководством Жоламан Тленшиулы (1822-1840 гг.), и приглашает общество призадуматься и сопоставить времена и обстоятельства...

В сложнейших условиях международной обстановки, крупномасштабной войны в Украине, распространения «дуги нестабильности» не может не беспокоить судьба нашей страны. На таком фоне пойдет наш разговор с исследователем-писателем Торегали Казиевым, который приглашает поразмышлять над многими животрепещущими вопросами движения Жоламана, вводящими в наше отношение к сегодняшним дням, искать на них ответы...

— Торегали Абдуллаулы, раньше мне приходилось слышать о значимости личности Жоламан Тленшиулы в нашей истории. С чем связан ваш интерес к движению Жоламана?

— Историк Нуржан Жетписбай недавно написал, на основе своих многолетних исследований,



замечательную книгу «Жоламан Тленшиулы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс (1822-1840 жж.)» — «Национально-освободительное движение под руководством Жоламан Тленшиулы (1822-1840 гг.)». Особенно значим этот труд в связи с 200-летием национально-освободительного движения под руководством Жоламан Тленшиулы (1822-1840 гг.).

Историк пишет, что казахская элита, возглавляемая Жоламаном, в те кризисные годы стремилась к тому, чтобы в Степи восстановился твердый степной порядок, основанный на местных традициях и поддерживала султана Арынгазы, выдвинув его в ханы, т.к. он на практике показал, что перейти от разлада и угасания к согласию, развитию и единству возможно.

После смерти же Арынгазы поддержал Жоламан, а в перерыве между ними — султан Каипкали, который также отличался умением бороться за интересы народа.

— Вы говорили о связи движения Жоламан с сегодняшними днями. В чем она заключается?

— Жоламан, выражая интересы масс, хотел восстановления жизнеспособного Казахского государства. Потому сделал ставку на такого талантливого руководителя, как султан Арынгазы. И понимал, что для удержания независимости любой среднеазиатской страны необходим союз всех стран Средней Азии. Он начал зондаж и организацию с самого ближнего южного соседа — написал письмо в Хиву Мухаммад Рахиму хану с предложением о заключении союза. И с весны 1824 г. Жоламан призывает прекратить атаки на российские линии. И в те же 1824-1825 гг. происходит серьезный поворот в движении.

— Действительно, и в XXI в. с 2007 г. продвигали проект Центрально-азиатского союза пяти центральноазиатских республик по предложению первого президента РК. В этом году этот проект вновь в повестке дня... Какова была ситуация в XIX в.?

— Да, этот союз был актуален не только в XIX веке, он актуален и в наши дни.

Казахстан, как и вся Средняя Азия, наследница Турана, державшего мир в кулаке, из-за многовековой близоруккой политики своего управляющего слоя отстал от мира и был раздроблен. В те годы Ұлы жүз находился под мрачным гнетом отсталого Коканда.

А в протекторатном двусмысленном содружестве с соседней Российской империей были Кіші жүз и Орта жүз. С которыми Петербург вел дела через министерство иностранных дел. И согласно договорам XVIII в., границы были определены, царизм не имел права вмешиваться во внутренние дела казахских жузов.

На практике же время от времени гигант-царизм передвигал границы, строя линии из поселений, редутов, форпостов, крепостей, забирая лучшие земли и вытесняя степняков от пограничной линии в пустыни и полупустыни.

## МИРОВАЯ ГЕОПОЛИТИКА XIX ВЕКА

— Наверное, и в те времена была мировая геополитика?

— Да. Цари, как и после большевики и сегодняшние управители, были такими же подчас слепыми исполнителями далеко идущих планов мировых стратегов. Европе Россия нужна была как заслон от Китая, а Турция — от арабов. Если кто разрастался — натравливали друг на друга, кто добивать не давали — кто ж тогда сторожить будет? Геополитика-с!..

А вот к примеру формула геополитического отношения США к Европе во время Жоламан, высказанная в письме Т.Джефферсона Дж.Адамсу от 1 июня 1822 г. — оба были президентами США в разные годы: «Создается впечатление, что европейские варвары вновь собираются истребить друг друга. Русско-турецкая война напоминает схватку коршуна со змеей: кто бы кого не уничтожил, одним разрушителем в мире станет меньше... Истребление безумцев одной части света способствует росту благосостояния в других его частях. Пусть это будет нашей заботой и давайте доить корову, пока русские держат ее за рога, а турки за хвост»...

— Была какая-то особенность царской политики?

— Царизм вмешивался и в местную текучку обоих жузов, применяя политику «управляемого хаоса», создавая обстановку анархии в степях путем продвижения на должности ханов, не имеющих авторитета в народе, слабых и безвольных султанов, не умеющих организовывать упорядоченную жизнь на громадных степных территориях.

В Кіші жузе после убийства в 1748 г. энергичного вождя хана Абулхайра, по заказу того же Оренбургского губернатора Неплюева,



Битва казахов с казаками (1826, Александр Орловский)

пошла по поверхности событий податливая череда ханов-кукол.

Была политика, которая вела к исполнению плохо замаскированной цели — уничтожить государственность казахов и установить здесь внутрироссийские порядки вплоть до крепостного рабства, в котором при царице Екатерине II находились уже 90% (!!!) коренного русского народа.

Представьте: почти весь могучий государствообразующий народ империи влачился в крепостных, каждого из которых какой-нибудь помещик мог продать, поменять на сапожку, подарить и любую другую пакость свершить.



А ведь еще в XVII в. каждый русский человек с гордостью восклицал, что он отрок (сын) Божий, а как ввели в стране новые греческие порядки религии, то причили, что ты — раб!..

— И историю, наверное, переписывали?

— Да, в России историю переписывали неоднократно. И историю для дворян и прочих грамотнейших разночинцев завезенные срочно царями немецкие профессора перделали так, что так будто всегда и было... Карамзин всю сочиненную немецкую бурду аккуратнейшим образом повторил... Не хотел судьбы академика Михайлы Ломоносова — того за сопротивление переименованию русской истории Миллерами, Шлецерами и прочими сначала приговорили к повешению, затем отменили казнь и спокойно дома, как считает молва, отравили — украв все книги и бумаги, переправив все тексты его сочинений... Старинные тексты полутора тысяч монастырей сожгли тогда и теперь каждый, читая историю, молится Миллеру, Шлецеру и прочим...

## ЧТО СПАСЛО КАЗАХОВ ОТ КРЕПОСТНОГО РАБСТВА?

— По вашему мнению, в Степи хотели ввести внутрироссийские порядки вплоть до крепостного рабства?!

— Со сближением казахов с северной империей стали питерские, оренбургские, омские и прочие со-

седские большие чины прельщать многих степных султанов, биев, батыров будущими привилегиями и царским присвоением особо отличившимся — титулов князьев, графьев, прочих дворянских званий — ежели кто к их порядкам и к их действиям присоединится... Оказались среди местных и те немногие, кто даже клоннул было на подлую наживку.

Но большинство: «Да вы что, у вас в деревне помещик может продать односельчан как скотину, а у нас же в ауле все друг другу — родня!»... А во многих присоединенных, прежде свободных, странах крепостничество цари уже установили, титулы пораздавали, там где рабство уже было — ужесточили режим. Малороссия, Дон, Северный Кавказ, Польша, Белоруссия, Литва и т.д. Ликвидировали вольности казачества и Запорожскую Сечь, Калмыцкое ханство, репрессировали башкир, четвертовали Пугачева и прочее, прочее, прочее...

— Что спасло казахов от крепостного рабства?

— От намеченного царистами внедрения крепостного рабства (а другой формы жизни они и не представляли) казахский народ спасли его лучшие сыны и дочери, в том числе великие борцы за свободу родного народа Жоламан батыр и Кенесары хан!

— Вы сказали, что царизм передвигал границы, строя линии из поселений, крепостей, забирая лучшие земли и вытесняя степняков. Как это происходило?

— Граница между казахами и северными соседями согласно договорам проходила по реке Жайык (Урал), как вдруг пришло решение Петербурга о создании т.н. Ново-Илецкой линии и передвижении границы на 80 верст вглубь степи от левого берега реки Урал по реке Илек, Курайя, Бердянка на 600 тысяч десятин земли. Начали по линии строить поселения, крепости, редуты, форпосты.

В 1811 г. казаки захватили казахские земли между Большим и Малым Узеньями. В августе 1819 г. известили, чтобы казахи уходили из родных мест по всей линии. Эти земли принадлежали отделению рода Табын.

— Было ли вооруженное сопротивление казахов?

— Да, они, потрясенные известиями, вышли на вооруженную борьбу за право остаться на родной земле. Движение поддержали все три части Табына, а также Кете, Адай, Тама, Кердери, Шеркеш, Шекты, Ысык и представители многих других родов и племен. В 1822 г. их объединил в одну силу батыр Жоламан Тленшиулы, внук Бокенбай батыра.

Дастан ЕЛДЕС  
(продолжение следует)



# МАСШТАБНАЯ ПОВЕСТКА КАСЫМ-ЖОМАРТА ТОКАЕВА

Политолог, директор Центра актуальных исследований «Альтернатива» Андрей Чеботарёв прокомментировал Zakon.kz итоги внеочередных выборов президента Казахстана, которые состоялись 20 ноября 2022 года. По мнению эксперта, самая масштабная повестка была у Касым-Жомарта Токаева. Причем действующий президент максимально озвучил ее в своих двух посланиях этого года.

В первом, от 16 марта 2022 года, была обозначена тематика январских событий, а также глава государства предложил ряд внутренних политических реформ и многое другое.

Спустя почти полгода, 1 сентября 2022 года, президент вновь выступил с Посланием к народу Казахстана. На этот раз основная часть его выступления была посвящена социально-экономическому развитию страны. Во время агитационной кампании на этой теме делали акцент и оппоненты Токаева, тем самым увеличивая количество голосов за свою кандидатуру.

К слову, явка в стране самой высокой была в Жетысуской, Кызылординской и Туркестанской областях. А вот в аутсайдерах оказался самый крупный город страны — Алматы, где проголосовали всего 28% избирателей.

Вот как Андрей Чеботарёв объяснил причину низкой явки избирателей на выборах президента в Алматы.

«Во-первых, Алматы — это город с наибольшим количеством протестно настроенных граждан. Поэтому одни из них пришли на избирательные участки и проголосовали «Против всех». Другие же выразили свой протест игнорированием выборов. Во-вторых, в Алматы проживает большое количество внутренних мигрантов, которые заняты всевозможной работой и к тому же прописаны в других населенных пунктах. Видимо, у этих людей совсем иные приоритеты, вследствие которых они не считают для себя необходимым участвовать в любых выборах» (Андрей Чеботарёв).

Как подчеркивает политолог, за последние десять лет Алматы традиционно демонстрирует низкую явку на разных выборах, в том числе на республиканском референдуме, который прошел в июне этого года.

Также эксперт перечислил возможные факторы, влияющие на это: политический, социальный и персональный, который, по его мнению, связан с самими кандидатами.

— И, в третьих, судя по всему, Токаева поддержали на выборах в основном алматинцы, проголосовавшие за предложенный им пакет конституционных поправок на референдуме. Другие же кандидаты провели достаточно скромную по сравнению с ним избирательную кампанию. Никто из них не смог привлечь максимальное количество своих избирателей, которые бы пришли и проголосовали за них. Ско-

рее всего, их поддержали в основном в тех регионах, где они побывали. Но в Алматы их активность никак не повлияла на мобилизацию электората, — пояснил эксперт.

Что касается самих выборов, то они, по мнению Чеботарёва, в принципе отражают всю политическую атмосферу, наблюдаемую с начала этого года, включая январские события и последующие реформы. Кроме того, заметна активизация в сфере партийного строительства.

«Я хотел бы обратить внимание на то,

— При этом Дайрабаев явно ориентировался на жителей сельских населенных пунктов и представителей агропромышленного сектора, а Кажыкен ставку сделал в основном на работников крупных промышленных предприятий и представителей малого и среднего бизнеса. Что касается остальных кандидатов — Каракат Абден и Салтанат Турсынбековой, то их выгодно отличала принадлежность к прекрасной половине человечества. Но более-менее приближенную к политической повестку в основном право-защитного содержания представила Турсынбекова. Тогда как у Абден четкой политической повестки не было, и она в основном сосредоточилась на социальных вопросах.

В целом выборы прошли в достаточно



что наша оппозиция не смогла в очередной раз объединиться и либо выдвинуть из своих рядов единого кандидата, либо провести какую-то консолидированную акцию бойкота с протестами и так далее» (Андрей Чеботарёв).

Касым-Жомарт Токаева поддержала Народная коалиция, состоявшая из трех парламентских партий и большого количества других общественных организаций. В основном это сторонники стабильности и не способных серьезно нарушить ее перемены в политике, экономике и социальной сфере страны.

По мнению политолога, Общественная социал-демократическая партия, которая представляет себя оппозиционной, выдвинула своего кандидата Нурлана Ауесбаева. Но в его избирательной кампании не наблюдалось какого-то противодействия официальной повестке. Из остальных кандидатов определенная политическая повестка была у Жугули Дайрабаева, выдвигавшего от партии «Ауыл», и Мейрама Кажыкена, который баллотировался от Содружества профсоюзов Казахстана «Аманат».

стабильной внутривнутриполитической обстановке, — отметил Чеботарёв.

Семилетний срок — это большой период времени, чтобы действительно провести различные преобразования, о которых президент заявил в последнем своем Послании и говорил до этого. Хорошо уже то, что внесен большой пакет поправок в Конституцию, а также принят пакет конституционных и обычных законов в их развитие. Из других мер в ближайшее время, в частности, ожидается принятие законов «Об общественном контроле» и «О местном самоуправлении в Республике Казахстан».

В 2023 году предстоят досрочные выборы в Парламент и маслихаты всех уровней. По мнению эксперта, они пройдут более активно и интересно, нежели президентские выборы. Он объясняет это тем, что с введением мажоритарной системы появится большое количество кандидатов-самовыдвиженцев, которые захотят баллотироваться в депутаты представительных органов власти.

Анастасия БЕНЬЯМИНОВА



## Ключевые особенности президентских выборов в РК

1. Выборы прошли в посттранзитный период. Транзит президентской власти завершился на волне январских событий. В результате «Библиотека» перестала быть центром принятия решений. А экс-президент Нурсултан Назарбаев и лица из его ближайшего окружения утратили быстрое влияние в политической жизни Казахстана, включая избирательный процесс.

2. Выборы фактически стали частью процесса серьезного реформирования политической системы, включая принятие двух пакетов поправок в Конституцию РК. Непосредственно с ними связано введение ограничения мандата президента страны в один срок продолжительностью 7 лет без права переизбрания. В связи с этим согласен с мнением коллег о том, что сейчас в стране идет процесс либерализации без обязательной демократизации, когда руководство «...сначала начинает развивать политическое поле в Казахстане, а потом внедряет в стране элементы более конкурентоспособной политики».

3. Наблюдается отсутствие раскола в обществе. Имеются разные мнения и видение, что нормально, но нет жестких разделительных линий и категоричности. Нового раскола элит тоже не произошло.

4. Касым-Жомарт Токаев в этот раз баллотировался как беспартийный кандидат, выдвинутый тремя парламентскими партиями и группой общественных организаций в составе Народной коалиции. При этом он фактически не участвовал в прямой агитационной деятельности. Его команда отказалась от различных лозунгов, а также от проведения массовых акций в пользу точечных встреч с разными группами граждан для предметного обсуждения актуальных вопросов и путей их решения.

5. Непримируемая оппозиция при всем своем многообразии (инициативные группы по созданию новых партий, неформальные движения, либо выдвинуть из своих рядов единого кандидата, повторив эффект 2005 года, либо провести консолидированную кампанию бойкота с контр агитацией, акциями протеста и т.д. Хотя из оппозиционной среды как минимум один из 7 потенциальных претендентов мог бы баллотироваться от подходящего РОО. Другое дело, если многие из оппонентов власти сосредоточились на организационной работе по созданию своих партий.

6. Избирательная кампания прошла в формате конкуренции не столько кандидатов, сколько транслируемых ими и их соратниками социально-политических идей и ценностей, а также предвыборных штабов и электоральных технологий. В последнем случае кандидатами и их командами, в частности, активно использовались социальные сети и иные Интернет-ресурсы.

7. Выборы были объявлены и проведены в условиях нарастания геополитической напряженности, создающей серьезные риски и вызовы для политической, экономической и информационной безопасности Казахстана. В то же время все прошло без каких-либо попыток внешнего вмешательства. Внешний фактор в избирательной кампании максимальным проявился только в деятельности иностранных и международных наблюдателей. Всего участвовали 641 наблюдатель, в том числе 532 - от 10 международных организаций (СНГ, ШОС, Организация тюркских государств, БДИПЧ/ОБСЕ и т.д.) и 109 - от 35 иностранных государств. Все это свидетельствует о достаточно высоком уровне интереса и внимания зарубежной аудитории к политическим процессам в Казахстане.

Андрей ЧЕБОТАРЁВ



# ЧТО ИЗМЕНИЛОСЬ В КАЗАХСТАНЕ С ПРИЕЗДОМ РОССИЯН?

Пока ещё не появилось специальных исследований о влиянии на экономику Казахстана массового приезда россиян на фоне «спец-операции», санкций и «частичной мобилизации». О плюсах и минусах миграционного всплеска по косвенным признакам, которые в целом указывают на то, что кардинальных изменений не произошло и вряд ли вообще предвидятся, рассуждает автор Qmonitor.kz вместе с экспертами.

За текущий год Казахстан принял две волны российских беженцев: во время весенней въехало более 60 тысяч человек, в рамках осенней — около 200 тысяч. С учетом того, что многие из них успели уехать обратно либо перебраться в другие страны, на данный момент, по информации миграционной службы МВД РК, в стране остаётся около 110 тысяч россиян, что соответствует лишь менее 0,6 процента населения РК. Естественно, в таком количестве они не могут оказать сколько-нибудь серьёзное влияние на национальную инфраструктуру, финансово-экономическую систему и рынок труда. Тем более что ключевая цель их пребывания здесь — «переждать тревожное время», и пока мало кто задумывается о длительном трудоустройстве либо проживании. По официальным данным, на постоянное место жительства в Казахстан с начала года попросились всего 3,8 тысячи граждан РФ.

Многие из приехавших не планируют менять ПМЖ с России на Казахстан, то есть они здесь находятся либо как в транзитной стране с последующим отъездом в Юго-Восточную Азию и европейские страны, либо как во «временном убежище», пока не начнётся переговорный процесс вокруг российско-украинского конфликта. Так что рассматривать их в качестве дополнительного трудового ресурса нельзя. Количество оставшихся россиян, которые потенциально могли бы устроиться на работу в Казахстане, от общего числа трудоспособных местных граждан (11,32 миллиона) составляет 0,2 процента. Ассимилировать такую прибавку экономика Казахстана сможет достаточно легко, поэтому серьёзных изменений от этого фактора ожидать не стоит, — счи-

тает аналитик компании Esperio Нурбек Исаков.

Напомним, что и надежды, и опасения в связи с притоком россиян в Казахстан в основном касались рынка труда. Если власти видели в их лице полезных специалистов для отечественной экономики, то граждане боялись конкуренции — мол, мигранты будут претендовать на лучшие рабочие места. Сложности создаёт незнание специфики местных рынков, а где-то и государственного языка. К тому же большая доля релокантов продолжает работать дистанционно в российских компаниях.

И потом, следует учитывать, какие именно специалисты приехали к нам из России. Правда, провести такой анализ не представляется возможным — необходимых цифр нет даже у официальных госорганов РФ, поскольку немало людей в силу разных причин то пересекают границу, то возвращаются обратно. Некую тенденцию можно отследить лишь по резюме россиян, размещенных в этот период на рекрутинговых сайтах, что, собственно, и сделала компания HeadHunter по запросу ряда СМИ.

В итоге выяснилось, что в топ-3 наиболее популярных у россиян в Казахстане специальностей вошли «руководитель проектов», «продавец-консультант» и «водитель» — 4791, 4532 и 4329 поданных резюме соответственно (по состоянию на 20 октября). Наибольший прирост резюме, согласно данным платформы, произошёл в таких категориях, как «сельское хозяйство», «информационные технологии», «стратегия, инвестиции, консалтинг», «фитнес, салоны красоты».

И тем более не стоит ожидать массовой релокации российского бизнеса в Казахстан. Как объясняет Нурбек Исаков, среди тех же



«уклонистов» от частичной мобилизации едва ли найдутся бизнесмены средней и уж тем более крупной руки — по понятным причинам их не станут призывать в войска. Если же кто-то этого и опасается, то вряд ли выберет именно РК для переезда. Как правило, обеспеченные граждане России уезжают в развитые страны Азии, Ближнего Востока и Европы.

Так что не нужно тешить себя иллюзиями. Максимум, на что мы можем рассчитывать, так это мелкий российский бизнес. Но и тут есть свои «подводные камни», поскольку малое предпринимательство, как правило, либо очень сильно привязано к конкретной локации (небольшие магазины, автомобильный сервис, общепит и прочее), либо вообще не связано с местом проживания (блогеры, консультанты, IT-услуги и прочее). Первые вряд ли станут продавать доходный бизнес и, скорее всего, просто будут вести его из-за границы, причём в течение не продолжительного времени, а

вторые в зависимости от своей квалификации и уровня доходов могут отправиться транзитом через Казахстан в другие страны, — полагает спикер.

Тем временем в России бьют тревогу: 30 процентов IT-специалистов покинули страну или планируют релокацию. Таковы результаты опроса, проведённого HR-холдингом Venra, хотя, по другим источникам, треть из них уже вернулась обратно. Как бы то ни было, иммиграция айтишников в Казахстан, по мнению министра цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Багдата Мусина, несёт нам сплошные плюсы. Отвечая на вопрос корреспондента Ulysmidia.kz, чиновник подчеркнул, что этот процесс положительно скажется, во-первых, на развитии отечественной IT-индустрии за счёт увеличения спроса на неё, а, во-вторых, на экономике, поскольку многие приезжие программисты, продолжая работать на те же, к примеру, американские компании и неплохо зарабатывая, тратят эти деньги здесь...

Действительно, как ранее отмечал главный научный сотрудник КИСИ Вячеслав Додонов, въезжающие иностранные граждане, в том числе бегущие от мобилизации, расширяют казахстанскую экономику однозначно позитивный эффект, поскольку выступают как потребители продукции и услуг отечественных предприятий и организаций, то есть формируют дополнительный спрос и платят свои деньги нашему бизнесу. Это придаёт импульс развитию ряда сфер, непосредственно связанных с обслуживанием населения, а также смежных отраслей. В свою очередь увеличение производства в таких видах деятельности ведёт к повышению занятости, наращиванию объёма собираемых налогов и т.д. Именно по этой причине многие страны мира, включая

нашу, уделяют серьёзное внимание развитию въездного туризма.

С коллегой соглашается Нурбек Исаков, который основной позитив от притока россиян в Казахстан тоже связывает с возможностью здесь и сейчас продать и оказать для них как можно большее количество товаров и услуг, тем самым стимулируя развитие ряда отраслей. При этом эксперт не исключает, что это вызовет локальный дополнительный рост цен, однако «учитывая транзитность этой истории, сдвига инфляции из-за неё ожидать не стоит, поскольку она быстро вернется к дооблигационным значениям».

В то же время интенсификация увеличения трафика граждан России в Казахстан не могло не найти своего отражения в работе пунктов обмена валюты. Как отмечает аналитик Esperio, прибывшие россияне конвертировали рубли в тенге и другие валюты, вследствие чего в «обменниках» образовался их избыток. «Для того, чтобы снизить собственные курсовые риски, они начали продавать рубли даже ниже официального и рыночного курсов. В таких ситуациях, как правило, на крупных валютных площадках в действие вступают «арбитражеры», которые буквально в течение одного дня «схлопывают» образовавшуюся разницу. Но в обменных пунктах РК подобные арбитражные стратегии нерентабельны из-за высоких комиссий, поэтому ситуация неэффективности этого небольшого рынка продолжалась немного дольше. За неделю «обменники» смогли восстановить нейтральность своей валютной позиции к рублю», — резюмировал эксперт.

Гораздо более остро на приезжих отреагировал рынок арендного жилья, который, будучи нестабильным, стихийным и слабо регулируемым, в последние годы негативно отражал любые экономические и политические события в стране. Так, по данным Бюро национальной статистики, цены предложений на аренду благоустроенного жилья в сентябре в годовом выражении по сравнению с августом выросли на 47,2 процента. В основном удорожание произошло в городах, которые находятся ближе других к российской границе: в Костанайе сразу на 42,6 процента, в Петропавловске — на 27 процентов. Тройку замыкает Караганда — на 21 процент. В Астане за месяц рост цен на арендное жильё составил 15, в Алматы — 14 процентов.

Что же касается социального напряжения, вероятный рост которого прогнозировали некоторые эксперты с самого начала «спецоперации», то оно практически не чувствуется. Более того, россияне на улицах наших городов уже стали привычным явлением, и казахстанцы стараются оказывать им посильную материальную, моральную поддержку, содействие в адаптации.

Разумеется, не обходится без неприятных инцидентов и пренебрежительного отношения, причём с обеих сторон. Но этого «добра» у нас и раньше хватало с учётом языковых проблем и непростой межэтнических ситуации в стране. Другое дело, что всегда найдутся желающие «похайповать» на этой чувствительной теме, раздуть локальные конфликты до угрозы национального масштаба, но об этом мы подробно поговорим в другой раз.



Николай Косов – Қазақстанда және елімізден тыс аймақтарда танымал ғалым, ғылым докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақ мемлекеттік университетінің физика факультетінің тұңғыш деканы, оның еңбектері әлемдік ғылыми қоғамдастықта кеңінен танылып, АҚШ, Ұлыбритания, Нидерланды және ТМД елдерінде жарық көрген.

Н.Д. Косов 1922 жылы 2 желтоқсанда Қостанай қаласында дүниеге келген, Ұлы Отан соғысының ардагері. 1947 жылы ҚазМУ-ін, 1950 жылы оның аспирантурасын тәмамдаған, 1959–1962 жылдары жаңадан құрылған ҚазМУ физика факультетінің бірінші деканы қызметін атқарған. 1962–1994 жылдары сол университетте кафедра меңгерушісі болды. Биылғы жылы ғалымның туғанына 100 жылдың жүзі толып отыр.

1948 жылы Н.Д.Косов эксперименттік физика кафедрасының аспирантурасына түсіп, 1952 жылы «Табиғи минералдардың радон, торон және актиондарының эманациясын зерттеу» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. Бұл зерттеуде алғаш рет уран-238 және торий-232 ыдырау өнімдері үшін диффузия мен эманацияның рөлін анықтау бойынша алынған нәтижелер

молекулалық және гидродинамикалық құраушыларды зерттеуатты тың бағытты қалыптастырды. Бұл бағытты сәтті жүзеге асыру жылу масса тасымалдау саласындағы кешенді зерттеулерді құрылымдық қайта караумен байланысты болды, оны жүзеге асыруды Н.Д. Косов өзі қолға алды. Қысқа мерзім ішінде эксперименттік база құрылды, масса және жылу алмасу саласында теориялық



ғылымының еңбек сіңірген қайраткері» атағы берілді.

Ғылымның жiлiгiн шағып, майын iшкен әрбiр ғалым ашылған жаңалықтың жұмыстың аяқталғандығын бiлдiрмейтiндiгiн жақсы түсiнедi. Керiсiнше, бұл жаңа ашылулар мен жаңа бiлiмнiң бастамасы екендiгiн ұғынған нар тұлғалы ғалымдардың бiрi Н.Д. Косов едi. Ол ғылымда өзiнен соң өшпес iз қалдырып кеңестiк жылу физиканын белдi майталманына айналды. Өсiп келе жатқан жаңа буынның тәрбиесiне, жастардың бойындағы отансүйгiштiктi дамытуға, ұлттық құндылықтарды көздiң қарашығындай қастерлеуге, ұлттық кадрларды мансап тұғырында iлгерiлету жолында аянбай еңбек еттi. Атқаратын жұмыстарының көптiгiнен уақыты тығыз бола тұра, облыстан келген жастарға дәрiс оқып, көп жылдар бойы физикадан мектеп оқушыларының Республикалық олимпиадасының ұйымдастыру комитетiнiң құрамында қызмет атқарды. Студенттерi мен аспиранттарының арасында беделi жоғары болған, ғылымның романтигi аталған Н.Д.Косов өз iдеяларынмен қымсынбай бөлiсiп, шәкiрттерiнiң әрбiр жетiстiгiне балаша қуана бiлетiн едi.

Өзiнiң ғылыми жолының соңғы онжылдығында профессор Н.Д. Косов Энскогтың жалпы теңдеуiнен гидродинамика теңдеулерiн шығару үшiн санақ жүйелерiнiң инварианттылығын зерттеумен айналысты. Осы еңбегiнiң нәтижесiнде диффузияның аралас масса тасымалына әсерiн дұрыс бағалауға мүмкiндiк беретiн түрлi санақ жүйелерiндегi сақталу теңдеулерi үшiн iргелi қатынастарды шығарып алды.

Н.Д. Косов 1-дәрежелi Ұлы Отан соғысының Орденiмен, КСРО-ның ЖоО Министрлiгiнiң, Жоғары және орта арнаулы бiлiм Министрлiктерiнiң ведомстволық белгiлерiмен марапатталған. 30 жылдан аса өмiрiн аспиранттарына жетекшiлiк етуге жұмсаған Н.Д.Косов 34 ғылым кандидатын, 7 ғылым докторын тәрбиеледi. Проф. Н.Д. Косов газдар мен сұйықтардың жылу физикалық қасиеттерi бойынша қазақстандық ғылыми мектептiң негiзiн қалады. Оның шәкiрттерi мен iзбасарлары АҚШ, Еуропа, Канада, Ресей, Украина мен Белоруссияның беделдi университеттерiнде, елiмiздiң мемлекеттiк, әрi ғылыми ұйымдарында ғалымның iзiн қуып, салған сара жолын жалғастырып, қызмет етiп келедi.

1995 жылдың 12 наурызында қысқа мерзiмдi сырақаттан соң профессор Н.Д. Косов дүниеден озды. Ол 1-дәрежелi Отан соғысы орденiмен, КСРО-ның 9 медалымен, КСРО ЖоО, ҚазКСР Жоғары және орта арнайы бiлiм Министрлiгiнiң, КСРО мемлекеттiк стандартының ведомстволық белгiлерiмен марапатталған.

Салтанат БӨЛЕГЕНОВА,  
Шынар Оспанова,  
әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университетi,  
Жылу физика және  
техникалық физика кафедрасы

# ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЖАМПОЗЫ

туралы мәліметтер келтірілді, газдардың радиоактивті қоспаларын бөлудің жаңа әдістері ұсынылды. Қорғаудан кейін бірден диссертациялық зерттеу құпияландырылды, ал осы тақырып бойынша ҚазМУ зертханаларында одан әрі зерттеулерді жалғастыруға тыйым салынды. Диссертацияны қорғағаннан кейін 40 жыл өткен соң ғана 1992 жылы Николай Дмитриевичтің осы саладағы зерттеулері бойынша «күпия» белгісі алынып тасталды.

Радиациялық физика саласындағы зерттеулерді жалғастыра алмау Николай Дмитриевичке өзінің ғылыми әлеуетін қолдану қажеттілігіне байланысты жаңа қиындықтар туғызды. 1953 жылы ол жалпы физика кафедрасына ауысу туралы шешім қабылдады, онда ол газдардағы диффузия және жылуөткізгіштік бойынша зерттеулер жүргізді. Соғыстан кейінгі жылдары физикалық кинетиканың бұл саласы көптеген практикалық қосымшалардың арқасында қарқынды дами бастады. Өнеркәсіптік өндіріске енгізілген инженерлік технологиялар жаңа эксперименттік мәліметтермен жылу физикалық сипаттамалары бойынша есептеудің теориялық әдістерінің жиынтығын қажет етті.

Доцент Н.Д.Косов өзі әзірлеген радиоактивті газдардың диффузиялық бөліну шамасын газдар мен сұйықтардағы термиялық-концентрациялық тасымалдау жағдайында бағалау тәсілін бейімдеді. Ұсынылған даму тұжырымдамасы сол кездегі мүлдем жаңа ғылыми бағытты – «Газдар мен сұйықтардағы диффузиядағы молекулалық және гидродинамикалық тасымалды» тұжырымдауға мүмкіндік берді. Осылайша, Косов алғаш рет физикадағы газдардың диффузиясындағы

зерттеулер қалыптасты, олар диффузия негіздерін қарастыру кезінде шешуші болып табылатын бірқатар жаңа ережелерді белгіледі. Зерттеушінің ерекше таланты, адамдарға деген құрмет пен сүйіспеншілік, ғалымның принципшілдігі, осының бәрі қоса алғанда Николай Дмитриевичтің елдің жылу физикалық қоғамдастығында кеңінен танылуына түрткі болды.

Косов Қазақстан ғылымы

құрамына кірді. Қысқа мерзім ішінде ҚазМУ шаңырағында Косов диффузиялық физиканың эксперименттік базасын құрды, масса және жылу алмасу саласында зерттеулер жүргізді. Зерттеушінің ерекше таланты, адамдарға деген құрметі пен сүйіспеншілігі, ғалымның принципшілдігі – мұның бәрі Косовтың елдің ғылыми қоғамдастығында есімі кеңге таралып, танылуына себеп болды.

мамандандырылған курстарды оқуға жұмылдырыла бастады.

Н.Д.Косовтың тікелей қатысуымен Ломоносов атындағы ММУ физика факультетімен, Орал политехникалық институтының физика-техникалық факультетімен (Свердловск қаласы), КСРО ҒА Атом энергиясы институтының мамандандырылған зертханаларымен (Курчатов институты, Мәскеу қаласы) ынтымақтастық туралы келісімдер жасалды. Мұндай прогрессивті тәжірибе физика факультетінің дарынды студенттері мен аспиранттарының серіктестердің зертханаларында зерттеу жүргізу үшін жүйелі түрде жіберуге, ал танымал ғылыми орталықтардың ғалымдарын Алматыда авторлық мамандандырылған курстарды оқуға тартуға мүмкіндік берді.

XX ғасырдың 70-ші жылдарының ортасында Николай Косов шәкірттерімен және ізбасарларымен бірге КСРО Үкіметі бастамашылық еткен корлар мен анықтамалық деректер банктерін құру жөніндегі Бүкілодақтық бағдарламаға қатысты.

Н.Д.Косовтың беделі мен қазақстандық жылу физиктердің тынбай еңбектенуінің арқасында Қазақ мемлекеттік университеті Қазақстан мен Орта Азиядағы газдар мен сұйықтардың жылу физикалық қасиеттері бойынша стандартты және ұсынылған анықтамалық мәліметтерін жасау мәртебесі бұйырған жалғыз оқу орны атанды. Қазақ университетінде Косов қалыптастырған ғылыми мектеп өркендеп, қанатын кеңге салып, лайықты беделге ие болғандықтан 1984 жылы Қазақ Кеңестік социалистік Республикасының Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен ғылым мен техника саласындағы ерен еңбегі үшін профессор Н.Д. Косовқа «Қазақ КСР



ның дамуына ерен еңбегімен зор үлес қосты. Оның жылу-масса тасымалы, жылу физикасы, сұйықтар мен газдар механикасы мәселелерін зерттеуге арналған 300-ден астам ғылыми еңбегі жарық көрген, еліміздегі «диффузия» мектебінің негізін қалаушы.

Н.Д.Косов көрнекті ғалым ғана емес, сонымен қатар талантты педагог бола білді. Ол Қазақстанның жоғары мектебінің білім беру жүйесіне ҚазМУ физика факультетінің деканы, кафедра меңгерушісі ретінде үлкен үлес қосты. Еліміздің білім беру жүйесінің сауалдары мен мәселелері талқыланған түрлі беделді министрлік комиссияларының

Факультетте декандық қызметті білек сыбана жүзеге асыра отырып, ол дипломдық жұмыстар мен жобаларды университет кафедраларында ғана емес, сонымен қатар елдің жетекші ғылыми орталықтарының базасында да дайындау керек деген идеяны алғаш болып ұсынды. Мұндай прогрессивті тәжірибе физика факультетінің дарынды студенттері мен магистранттарын жүйелі түрде серіктес кәсіпорындардың ірі зертханаларына зерттеу жүргізуге бағыттауға мүмкіндік берді. Ал танымал ғылыми орталықтардың ғалымдары Қазақ мемлекеттік университетінде авторлық



1-БӨЛІМ

### КӨК ТҮРІКТЕР ЖАЛҒАСЫ – АЛАША ХАН

Орыс этнографы А.И.Левшиннің ел аузынан жазып алып, өзінің «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордасы мен даласын суреттеу» атты әйгілі еңбегіне ендірген аңыз қазақ елі тарихында күні бүгінге дейін сыры толық ашыла қоймаған Алаша хан шын мәнінде кім болған деген сұраққа арналыпты. Шығармада қазақ рулары ноғайлармен бір болып дәуірлегені, бірақ бұл кезең ұзаққа бармай, билікке таласып, қырқысқан сұлтандар жеке-жеке хандықтар құрып, елді бөлшектегені, мұндай бытыранқы күйден Алаша хан бар билікті өз қолына аяқталған кейін ғана құтылғаны баяндалады екен (К.Салғараұлы, «Қазақтың қилы тарихы», 126 бет).

Қош, бұл аңыз-әңгімедегі елдің дәуірлеу жылдары тарихтың қайсы кезеңіне жатады? Бір тудың астындағы елді бөлшектеп, жеке-жеке хандықтар құрылуының қарамағындағы тайпалардың басын қайта құрап, бірегей ел еткен Алаша хан деген ер кім деген сұрақтың сырын ашу үшін тарихи оқиғалар сурлеуіне байыптап көз жіберсек, ел аузындағы аңызға арқау болған әуелгі мемлекеттің сипаты Көк түріктер қағанатының дәуірлеу және ыдырау кезеңдеріне сәйкес келетіндей. Ежелгі Түрік қағанатының орталығы болған Қалқа даласында 682 жылы шаңырақ көтеріп, алпыс жыл бойы айбынымен ешбір елге дес бермей, артында «Орхон-Енесей» ескерткіштер кешендері сынды 742 жылы ордада орыған қағанаттың дудырдуан соң ыдырау кезеңіне тап келгенін, Найман, Керей атты ханзадалар ордаға мойынсұнды доғарып, өз еншілік аймақтары негізінде хандықтар құрып алғанын тарихи деректер қуаттайды. Дербес Татар, Меркіт тайпаларының пайда болғаны да жоққа шығара алмаймыз. Осы орайда Қалқа даласындағы орданың жұртында хандық сипатын жоғалта қоймаған көп малды Қоңырат деген елді де ескерген дұрыс болмақ. Қағанаттың ыдырауы кезеңіндегі топалаңның ақырғы таманы кантөгіске ұласып, Білгі ханның жесірі, түбі қытайға табын түркі-табғаштық Бөбек ханымның бастауымен Ұлы қорған маңына барған жалайыр тайпасының Қытай шекара қызметіне кіргені тарихи деректерде көрініс тапқан. Алайда қытайлар салған ылаңнан жалайырлардың аштыққа ұшырауы, олардың Қалқадағы Қайду хан ордасымен жанжала салдарынан дербестігін жоғалтып, хандар әулетінің құлдығына түсіп қалуын ескерсек, аңызда камтылған оқиғалар сорабы айнымай, көз алдымызға келеді.

Бұлардың бәрінің басын қосып, Алты Алаш елін құрған Алаша хан бейнесі Шыңғыс ханға дәп келіп тұр. Алты Алаштың құрамына жоғарыда аталған алты тайпа кіретінін ҚР ҒА академигі

Екінші мыңжылдықтың адамы атанған Шыңғыс қағанның шыққан тегі туралы мәселе әртүрлі себептермен күні бүгінге дейін бір ізге салынбай келгені мәлім. Журналист, зерттеуші Оңғар Нақып өзінің «Шыңғыс қаған – біздің бабамыз» атты кітабында бабасының ежелгі Күн (Гун; Хунну) елінен бастау алып, Түрік, Көк түріктер қағанаттарымен жалғасқан ежелгі хандар әулетінің перзенті, яғни Күнқұрат тайпасының тумасы екенін ұтқыр деректер негізінде дәлелдеуге қол жеткізген. Сондай-ақ автор қағанның ақырғы жылдары Ұлытауда өткенін, оның тәні Алаша хан кесенесінде байыз тапқанын айтады. Осынау дүниенің бір үзгін оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік.



# ШЫҢҒЫС ХАН ТАРИХЫ

Т.Сайдуллин «Дат» газетінде (27-08-2014) жарияланған «Біз – қазақпыз ба, алашпыз ба?» атты мақаласында шегелеп көрсеткен болатын. Аңыздағы Алаша ханның Шыңғыс хан екенін қазақтың данасы Машһүр Жүсіп Көпеев «Алаша хан ұлы Жошы хан» атты зерттеуінде жазып кеткенін де көріп едік (Машһүр Жүсіп: 8 т., 45 бет). Қысқасы, қазақ халқы өз өмірінің ең айтулы кезеңіне жататын бұл оқиғаны аталмыш аңызда бейнелеп, жандында сақтапты.

Кейінгі кезде Шыңғыс ханды Жетісуда дүниеге келген дейтін әңгімені бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратып, оны өздерінше дәлелдегісі келетіндер ел ішінде жиі бой көрсете бастады. Олардың ұсынған нұсқасы бойынша Шыңғыс хан империясының астанасы болған Қарақорым қаласы Бұқтұрма су қоймасының астында қалып кеткен көрінеді. Тарихи бұл көне қаланы Совет өкіметі қасақана сумен көміп жіберген екен-мыс. Құр сөзден өзге бұл жөнінде нақты тарихи деректер келтіре алмайды. Ал, шын мәнінде ол қайсы елдің қаласы еді? Тарихи деректерге қарап, мұның батынғы жок екенін көреміз. Л.Гумилевтің «Көне түріктер» кітабында Көк түріктер қағанаты құлауымен тәуелсіздікке қол жеткізген Ұйғыр қағанатының өсіп-өркендеуімен қала құрылысы етек алғаны, ол елдің астанасы ретінде Қарақорым қаласы бой көтергені жазылған. Былай дейді: «Түріктерден бір ерекшелігі, ұйғырлар қалалар салуды кеңінен өрістетте бастады және де бұл іс соғдылықтар мен қытайлықтарға тапсырылып отырды. 758 жылдың шамасында-ақ Селенгі жағалауынан Байбалық қаласы бой көтерді. Осы мерзімге таяу тұстары Ұйғырия астанасы Қарақорымда қытайша жазуы бар кабірлік ескерткіш тұрғызылды (387-бет).

Қарақорым қаласы ұйғырға тән екені Рашид ад-Дин шежіресінде де анық жазылған. Сондай-ақ бұны саяхатшылар Корнилий мен Рубрук те қуаттайды. Демек, Түрік қағанаты дәуірінде де, оның жұртында Алты Алашты құру кезінде де тарихи оқиғалар үдерісі бүгінгі Моңғолия жерінде орын алған. Моңғолия үстіртіндегі Қалқа өзенінің бойы ежелгі дәуірлерден бері саяси орталық болғаны тарихтан мәлім. Шыңғыс ханның түлеп ұшқан жері де осы Қалқа жері. Оны жер жүзі ғалымдары «Халха моңғолы» дейтіні де содан.



Алаш-Қазақ жұртының қалыптасуы жолында жан алып-жан беріп күрескен осынау ұлы тұлғаның ата тегі мен туып-өскен ортасы және ұлан-ғайыр ерлік жолдары туралы оқып-білгенімізді ортаға салмақпыз. Осы орайда Шыңғыс хан туралы жазылған жүздеген шығармаларды қамтуды мақсат тұтпадық, ондай жағдайда қағанның шынайы кейпін жасау мүмкін де емес. Сондықтан сол дәуірге ең жақын кезеңде жарыққа шыққан Рашид ад-Дин Хамаданидің «Тарихтар жинағына», Сол әулеттің ұрпағы болған Әбілғазы ханның «Түрік шежіресіне», авторлары намәлім, Моңғолияның қиыр шығысы болып табылатын Қалқа жерінде Дәр деген кісінің қолынан алынған «Алтын шежіре» мен Қытайда жарық көрген «Моңғолдың құпия шежіресіне» басымдық бергенді жөн көрдік. Себебі, жат жұрттың авторлардың тісі бата бермейтін Шыңғыс ханның тегі осы шығармаларда молынан камтылғаны байқалады.

### КҮН ЕЛІНЕ АПАРАП ЖОЛ

Қазақ елі ішіне шежірелік дерек ретінде алғашқы болып қазақ тілінде жарық көріп, кең тараған Әбілғазы ханның «Түрік шежіресін» көпшілігіңіз оқыған шығарысыздар? Сонда Оқ-ғұз хан дүниеден өтерде өзінің тағын кімге қалдырады? Күн ханға ғой, солай ма? Осы Күн хан деп текке айтылған ба? Жоқ, әрине! Бұл хандар әулетінің түп негізі Күн елінен екенін, ал Күн елі деген атаудың өзі тайпаның аспандағы жарық көзіне баланған аты екенін білдіреді. Біз неге Көктің Ұлы деп аталдық? Күн патшасынан өрбіген Көктенші, Көктен деп аталған ұрпақтарының өздерінен неге Көтенші, Көтен деп өзгертті? Себебі, біздің ұлып, күндей биік ел екенімізді сипаттау мақсатымен дүниеге келген ру аттары кейінгі дәуірлерде кейбіреулерге ұнамады

немесе олардың діни ұстанымына тура келмегендіктен рудың аттарын қарапайым түсінікке «жақындатуға» тырысты, содан келіп, пәстікті, төмендікті білдіретін осы аттарды жоқамолдалар арқылы ел ішіне таратып, «осылай» деп мойындады.

Құдайға шүкір, түбі неміс, орыс ғалымы В.В.Радловтың зерттеулерінің нәтижесінде рулардың шынайы есімдері анықталып, бұл тарихи деректерді дана Шәкәрім қажының өз шежіресіне ендіруінен аталарымыздың сәті түпкі аттарымен табысудың сәті түсті, ағайын! Шыңдыққа қолымыз жеткен бұл күндері әрбір көзі ашық, көкірегі ояу азамат мазмұны мен түбі тереңде жатқан руларымыздың аттарын қасиет тұтып, сонымен қатар ендігі жерде ұрпақтарымыз адалауы үшін оларға Күн-құратпыз деп, тайпаның түпкі атауын да ұқтырайық! Олар өз руларының Көктің Ұлы, Көктенші, Көктен екенін біле жүрсін! Хандар әулетінен екенімізді, хандар әулеті Күн-Құраттың «Алтын көзесінен» тарағанын білдіретін рулардың аттары бұл. Елдің өткенін де, бүгінгі күнін де төмендетуге ешкімге құққ берілмеген. Шет елдіктерге «Күн» дегені де, «Хун», «Хунну» дегендері де Күн дегенді білдіретін елдігіміздің өзге тілдердегі аттары екенін халық білсін, әлем білсін! Бізді адамның сасық мүшеснен шығарып, төмендеткісі келгендердің сөзінен еріп ұсақталмайық! Тайпаның Күннен шығып тұрған қастерлі елесімін үргеніштік Нағанай деген қарақалпақ елі қоңыраттары сопысының ұрпақтары мінген аттарының «қоңыр» түсімен байланыстыруын «арамзалық» деп қана бағалауға болады.

Бергі атамыз – Шыңғыс хан, түпкі атамыз – Күн хан, ал Ергене Қондағы атамыз Құрлас хан екен. Әбілғазы былай дейді: «Қиян мен Нүкүз әулеті Ергене Қонда тұрғанда, әр жамағат бір ру атын алды. Қиян нәсілінен Құрлас атты бір кісі болды. Оның нәсілі басқа рулардан көп болды, оны Құрлас елі деді. Сол Құрлас нәсілінен бір кісіні хан көтерді, бірақ аты белгісіз. Содан кейін үнемі сол Құрлас нәсілінен патша сайлайтын болды. Халық Ергене Қоннан шыққанда патшалары Құрлас руынан Бөрте чене деген еді». Құрластың ұрпақтары молынан өсіп-өнсе, ол атаудың көпшесі құраттар, яғни Құрат болып қалыптасатыны бесенеден белгілі. Ендеше рудың бұл атын түпкі Күн атымен қосарласақ, Күн-құрат болып тұр

ғой. Ергене Қоннан Күнқұрат деген атпен, сол аңғардан елді бастап шығыпты. Бұл деректер де, Қалқа даласын қайтарып, Түрік қағанатын құрғанымыз да шежірелерде жазулы түр. Бірақ айтылу ыңғайымен әрі шежірешілердің елдің түпкі атына мән бермеуі салдарынан шежірелерге Қоңырат болып еніпті. Сонымен, арада ұзақ ерлік жолдарын қалдырып, Шыңғыс хан дәуіріне де жетіппіз...

Шыңғыс ханның анасы Әуелін (Ұлын деп те жазады) бегім де атақты төрт ұлын дүниеге әкелген жан жары Бөрте фузин де «Күнқұрат» қыздары екені мәлім. Алайда қағанның нағашы жұрты мен қайын жұрты туралы мәлімет ашық айтылса да, өз жұртына келгенде талас-тартыстан арыла алмай отырмыз. Оған тарих та, шежірелер де кінәлі емес, әрине. Мәселе оларды дұрыс оқып, түсініп, деректерді өзінің табиғи арнасына сала білуде ғана деп ойлаймыз. Осы орайда алдымен Шыңғыс хан шыққан ортаның сипатына тоқталғанды жөн көрдік.

Рашид ад-Дин былай дейді: «Егукей баһадүр – Шыңғыс ханның әкесі. Мұғұлдар әкесін «ичига» деп атайды. Ол көптеген мұғұл руларының патшасы болатын. Оның үлкен және кіші туысқандары, яғни немере ағалары мен немере ағайындары, бәрі оны тыңдайтын әрі оған бағынатын, сондықтан ортасынан оны патшалыққа қойған еді. Ол – ержүректік пен батырлыққа тиесілі болатын (яғни ержүрек әрі батыр адамтұғын). Сөйтіп, Есугей баһадүр өзге мұғұл руларымен көп соғысты, көп шайқасты. Әсіресе татар руларымен және сол сияқты Қытай әміршілерімен және әскерлерімен (көп соғысты). Ол туралы сөз айналаға тарады, оның есімі атақты болды және ол барлық халықтың алдында мойындалатын және құрметтелетін.

Оның (Есугей баһадүрдің) түрлі рудан көптеген әйелдері болды. Олардың үлкені – бақытты және құрметке ие балалары мен ұлдарының анасы Өгелін (Ұлын) фузин еді. Оны тағы да Өгелін ика деп те атайтын, ол Олқұнұт руынан еді». (Рашид ад-Дин: «Тарихтар жинағы», 274-бет).

Ал Олқұнұттың Күнқұрат руына жататыны күпті емес. Шыңғыстың жан жары, атақты төрт ұлының анасы Бөртенің де аталмыш тайпаның қызы екенін білеміз. Алайда Шыңғыс хан шыққан руды нақты анықтаған жағдайда ғана қағанның дүниеге келуі халыққа тән екені белгілі болады, сонда ғана бұл күндері осы тұрғыда орын алып отырған талас-тартысқа нүкте қоя аламыз.

Әрине, көне дәуірден қолдан-қолға өтіп, бізге жеткен дүниелерді кім қалай оқыды, қалай аударды деген де мәселе бар. Советтік дәуірде Шыңғыс ханды жаппай моңғолға жатқызып келгендер елдің іші-сыртында ешкімге дес берген жоқ. Ондайлар ел ішінде әлі де аз емес және олар едәуір ықпалға да ие. Ал енді Зәріпбай Оразбай аударған Рашид ад-Дин шығармасында біз моңғол деп келген елдің атын көре алмаймыз, оны түпнұсқаға сәйкестендіріп «мұғұл» деп жазады. Түпкі автор да, тиісінше аудармашы да Шыңғыс хан әулетін түркі-мұғұлдың мұғұл-дүрлікпен аталатын тайпасынан екенін айтқанымен, ары қарай қорытынды жасауды оқырманның өзіне қалдыратындай. Дәй тұрғанмен шығарманың он бойында Күнқұрат тайпасы ерекшеленетіні анық көзге ұрады.

(Жалғасы бар)

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

**Жаңалықтардан:**  
 – Кеше сот пен прокурордың көліктері соқтығысып қалды. Бұған кінәлі – оқиға орнына келген жол сақшысы болып шықты.  
 \*\*\*  
**Бастық жұмысқа жаңа қабылданған қызметкерге:**  
 – Жеке парақшаңа «қазақша, орысша, ағылшынша білемін, компьютерді меңгерем» деп жазып қойыпсың...  
 – Олай жазбасам жұмысқа алмас едіңдер ғой.  
 \*\*\*  
**Көрші кісі бір кейуанадан сұрап тұр:**  
 – Апа, қай немереңізді ерекше жақсы көресіз?  
 – Соңғы кезде ешқайсысын жақсы көріп жүрген жоқпын.  
 – Неге олай дейсіз?  
 – Кәрілік дегенің көзді алып бітеді екен ғой...  
 \*\*\*

**МАИ қызметкері көлігімен заулап келіп, бағдаршамның қызылына өтіп кеткен жүргізушіні тоқтатады.**  
**Жүргізуші:**  
 – Қанша дейсің, бауырым?  
 – Екі мың.  
 – Отыр!  
 \*\*\*

**Компания қаржысын үнемдеп, тиімді пайдалану үшін не істеу керек?**  
 – Ол енді мекеме басшысы мен бас есепшінің өзара келіскендеріне байланысты ғой.  
 \*\*\*

**Мекеме басшылары кездесіп қалады:**  
 – Қалай, тендерді жеңіп алдыңдар ма?  
 – Жоқ, сатып алдық.  
 \*\*\*

**Неке қию рәсімінде:**  
 – Сіз мына қызды өзіңізге жар етіп алуға дайынсыз ба?  
 – Кешіріңіз, басқа ұсыныстарыңыз бар ма еді?..  
 \*\*\*

**Саудасы дөңгелеп тұрған кәсіпкер жігіт әкесіне:**  
 – Бұйыртса, мені әлі-ақ әлемдегі ең бай адамдардың тізімінен көретін боласыз.  
 – Байқа, сотталғандардың тізіміне еніп кетіп жүрме...  
 \*\*\*

**Науқас адам дәрігерге:**  
 – Сіз маған неге дәрі жазып бермейсіз?  
 – Енді оның бірер күнде сізге керегі болмайды.

№47 санды шыққан сөзжұмбақтың жауабы

Қ	А	С	М	А	А	Қ	А	Қ	С	К	А	—	Т			
О	А	В	Р	Д	О	Д	А	Ш	А	—	А	Ш	А			
К	Д	Т	К	А	—	Ш	А	Х	З	А	Д	А	—	В		
Ш	У	—	Ш	А	О	—	В	—	Г	А	Ш	Ы	К			
М	Е	Л	Р	Е	С	Е	—	Р	А	В	Ш	Ы	Л	Р		
К	О	Н	Т	—	С	Ы	Р	М	К	—	Т	У	—	М	С	
Р	—	Т	—	К	У	—	Ы	—	Ш	Ы	П	Ы	А	Й	К	
В	—	А	Р	Е	—	А	С	П	А	І	—	І	—	Р	А	
В	—	П	—	В	—	П	—	А	—	А	Л	Т	Ы	П	М	
Г	О	Д	Е	У	І	Ш	—	С	А	Қ	А	—	С	Н	А	М
—	А	—	С	—	Р	А	Т	Ы	—	О	Т	Т	—	У	—	—
С	А	Р	А	В	—	І	—	Ж	А	Р	—	М	А	Х	Ж	—
А	—	К	Р	Е	В	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—
М	О	С	Т	—	А	—	М	Ы	—	А	Ж	Ы	—	А	—	Л
М	—	А	Р	Т	О	—	О	С	П	А	—	—	—	—	—	—
К	Т	Ш	Е	—	Ш	Р	А	М	—	А	Б	А	—	—	—	—
Т	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—

Ауық	Узын өлшемі	Теке	Бүтін	Қала (көне)	... Одағы	Жас қарағай	Артур Коперник (ағылшын ғалымы)	Білімгер тобы
		Қатты жаурау		АҚШ штаты			Теріс емес	
Аппакан (сип.)	Ит саяқты (сип.)	Кінкешті бай	Кіру (сип.)	Сөз қысымы	Боран	Ұянықтап өкіні		Жігіт
		Теңіз құсы				... ғалайып	Септік сұрағы	
Ит өсімі	Босқа (сип.)			Орысша (сип.)			Қағиша	...-шеше
... шігесіне дейін	Бас штаб	Неше кнәлі			Бат ұрығы	Қарақат, Бұларған	Сенім	Радио арна
		Елжар	Жарықтан батық	Кофе	Турген шырғарма	Сары май беті		
Нап	Күн сайын (сип.)	Шөп көлігі		Бағыттау (сип.)			... стор-линг (ақша)	
			Раджи ...			Бирма астанасы	Молдинмен ұлм	... де Мопасан
Европак-Вотр	Петрар-ка гшығы			Сыр үйірі	Маракан			Бостанушы сұрағы
		Жер белері	... қарсы					
Мойда балық	Тала			Европа өзені	Ыс		Сее	Сірінке
			ИТАР-...	Отырып (аңт.)	Тостақ, кесе	Про... (газет)	— төк	Кімі жүз рум
Тір-мақты айыр	Шанон	Қыз ... (ойын)				Тіс дәрігері		Сай - ...
				Жүрек дәрісі			Жасыл бақ	
Түйекус	Қағт диабеті					Өзгә мезгіл		
			Бас қала				Дәлкі	

Дайындаған: Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

# Онколог қанттың қатерлі ісікке қалай әсер ететінін айтты

Көпшілік қанттың қатерлі ісік ауруын «коректендіретінін» айтады. Сондықтан сау адамға да науқасқа да қатерлі ісіктің дамуын болдырмау үшін тәттілер жемеу керек екен. Қант рақ клеткаларына күшті әсер етеді. Онкологтардың айтуынша, бұл қатерлі ісіктердің дамуы мен өсуін тудыруы мүмкін, диагноз қойылған қатерлі ісіктің ары қарай дамуын күшейтеді. Ал тәттілерден толығымен бас тартсаңыз, онда ісіктің пайда болу қаупі азаяды және тіпті рақ клеткалары сау клеткаға айналады. Бұл теория қаншалықты дұрыс?



толығымен алып тастау мүмкін емес, сондықтан мұндай зерттеулердің нәтижелерін түпкілікті шындық деп санау қиын.

### ҚАТЕРЛІ ІСІК КЛЕТКАСЫ ҚАЙТА САУ КЛЕТКАҒА АЙНАЛМАЙДЫ

Қант жемей қойсаңыз да қатерлі ісік жасушалары сау жасушалаңға қайта айна алмайды. Надежда Бриштің айтуынша, онкологтарда қазіргі уақытта мұндай мүмкіндіктің бар екендігі туралы ғылыми расталған деректер жоқ. Сондықтан, шын мәнінде, осы себептерге байланысты қанттан толығымен бас тартудың мағынасы да жоқ.

### ҚАНТ ЖЕМЕСЕ НЕ БОЛАДЫ?

Маманының айтуынша, тәттілерден бас тарту диагноз қойылған ісіктің дамуына әсер ете алмайды. Яғни, қатерлі ісік диагнозы бар науқастардың өзінде дәрігерлер шынымен қаласа, шоколад пен тәттілерді жеуге тыйым салмайды.

Надежда Бриш күнделікті тағамнан глюкозаны алып тастау ісік ауруын тоқтатуға көмектеспейтінін айтады.

«Егер бұл шығын материалы болмаса, ісік жасушалары басқасын табады - қалған қоректік заттар босқа кетеді. Ең алдымен, ақуыздар – науқас адам бұлшықет массасын жоғалта бастайды, оның жағдайы күрт нашарлайды. Ақуыздардан кейін кезек майларға келеді», - дейді дәрігер.

Басқаша айтқанда, ісік жасушаларының глюкозаға қол жетімділігі неғұрлым аз болса, олар қоректік заттар мен энергияны алудың баламалы әдісіне соғұрлым тез ауысады. Ал тәттінің қарапайым шектеуі оларды ешқандай жолмен тоқтата алмайды.

### НОРМА БАРЛЫҒЫНА БІРДЕЙ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне сәйкес, адам күніне 25 граммадан көп емес қант жеуі керек, бұл шамамен 5-6 шай қасық қант. Және мұндай норма барлығына ұсынылады – адамда қатерлі ісік диагнозы бар-жоғына қарамастан.

# КӨЗІМІЗДІ АШҚАН КӨСЕМДЕРДІҢ КӨЗІН ОЮ – КӨЗСІЗ КӨРСОҚЫРЛЫҚ!

Жүрек ауруымен емханаға түсіп қалып, есімізді жіған соң, интернетті бір қарап шыққаннан-ақ, бірден жүрек ауыртар жәйтке тап болдық... Белгілі қоғам белсендісі Алма Сайлауқызы фейсбуктағы өз парақшасында жариялаған «ТОПАСТЫҚ пен НАДАН-ДЫҚ» атты жазбасында Алаш арыстарының көздерін ойып алып тастаған бейнелерін жейделерге салып шығарып жатқан дүкен иелерін өткір де, әділ сынапты.

Иә, «Qulan.kz онлайн киім дүкені алаш арыстары Мағжан Жұмабайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлдарының суреттері бар жейделерді сатып жатыр. Киімдер «Бес арыс» коллекциясы деп аталады, – деп жазды qasim.kz сайты тілшісі Қасым.

Тілшінің жазуынша, көзі ойылған Алаш қайраткерлері бейнеленген жейдені өзінің оқушысының үстінен көрген тарих пәнінің мұғалімі Айдос Жанатұлы да, Алаш арыстарын дәріптеп жүрген Ернат Мелсұлы да бұндай қорлыққа жол бермеу керектігін кесіп айтады.

Осы дүкеннің жауапты маманы Алтынай Қанат есімді азаматша бұдан ешқандай да әбестік көрмейді екен!

– Алаш арыстарының көзсіз бейнесін жейдеге салып, сатылымға шығарыпсыздар. Неліктен мұндай әрекетке бардыңыздар? – деген тілші сұрағына:

– Біз қазақи бренд болсақ та, шарифатпен, мұсылман дінін ұстанып киімдер сатамыз. Ислам, шарифатта айтылған. Көзі бар заттар харам болып есептеледі. Ондай көзі бар заттарды салуға болмайды. Сол сияқты адамның беті, көзі бейнеленген суреттерді сатуға болмағандықтан, біз олардың көзін алып тастадық» – деп жайбарақат жауап беріпті...

– Осы өнімді шығарар кезде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының рұқсатын алдыңыздар ма?

– Иә, мұфтияттың келісімімен жасалған заттар оның барлығы. Қандай дизайн жасап шығаратын болсақ та, бірінші мұфтияттан сұрап, келісін алып жатамыз. Бұл шарифатта дұрыс деп айтылған ба, соған қарап шығарамыз – дейді Алтынай Қанат.

Алаш арыстары бейнесінің қорлыққа ұшырауына қарсы шыққан Олжас Қасым бауы-



рымыздың жазуынша, Qulan.kz онлайн киім дүкені парақшасында 9 қыркүйек күні Алаш қайраткерлерінің түпнұсқа суреттерін алып, олардың көзін монтажбен қалай ойып жатқанының видеосы салынған.

Видеоньң өзін көру былай тұрсын, мынадай жазбаны оқудың өзі өте ауыр! Әрине, жүрегі барларға...

Мұндай бейбастақтыққа жаны күйген Алма Сайлауқызы да Діни Басқарма мен Дін істері комитетіне сауал жолдап, «Мынау санасы соқырлар кімнің көзін құртқысы келіп жатыр? Алаш рухы оянып жатқан дүйім жұртты осылай пайдаланып, харам ақша таппақшы ма?» – дейді қатты наразылық танытып.

Иә, сатылып жатқан киімдерге Алаш арыстары Ахмет, Міржақып, Шәкәрім, Мағжан, Жүсіпбек, Лияс, Бейімбет, Сәкендер секілді тұлғаларымыздың көзін ойып алып тастап бейнелеуі қаны



Сол дүкен иелерінің өзін немесе әке-шешесінің солай көзін ойып алып, жейделерге салып саудаға шығарса, қалай болар еді? Оған өлсе де бармас еді олар?! Бұл Ұлттың көзін ашқан Ұлылардың көзін ойып алып, халыққа шығару – Ұлты үшін құрбан болған тұлғаларды екінші рет өлтіру!

бардың қанын қайнататын маскара ғой!

Нағыз «Шыққыр көзім не көріп тұр?» – дегізетін сорақылық бұл!

Заңғар тұлғаларымызды зағип етіп, «Соқырлар қоғамына мүше етіп кіргізіп жібергендер кімдер?

Qulan.kz онлайн киім дүкенінің мұндай маскаралығына кім рұқсат берген?

Бұлар діни көзсіз соқыр екен, ал бақылауға, рұқсат беруге тиісті органдардың да көздері соқыр ма?

Бұндай халық көкейіндегі сұрақтарға жауап берген Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы баспасөз хатшысы, белгілі журналист Ағабек Қонарбайұлы Qulan.kz онлайн киім дүкені өкілінің сөзін жоққа шығарады:

«Мұндай киімдер жеке кәсіпкерлердің сату мақсатында жасап жатқан дүниелері болуы мүмкін. Алайда ұлт қайраткерлерін бұлай мансұқтауға болмайды. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Алаш арыстарының көзі жасырылған киімдерді шығарып, сатудың дұрыс емес екенін мәлімдейді.

Шарифатта тірі жанның көзін салмай, бейнесін ғана салуға болады деген пәтуа жоқ. Мұфтият бұған қатысты пәтуа шығарған емес. Арыстарымызды бұлай «дәріптеуге» жол берілмеуі тиіс. Ел үшін жанын пидә еткен Ахмет, Міржақып, Шәкәрім, Мағжан, Жүсіпбек секілді қайраткерлеріміздің асыл бейнелерін қорлауға болмайды. Мұндай әрекеттер – ұлт қаймақтарына деген құрметсіздік» – дейді Діни басқарма өкілі.

## КӨЗІМІЗДІ АШҚАН КӨСЕМДЕРДІҢ КӨЗІН ОЙЫП АЛЫП, КӨЗДЕГЕН МАҚСАТЫНА ПАЙДАЛАНУ – КӨЗСІЗ КӨРСОҚЫРЛЫҚ!

Сол дүкен иелерінің өзін немесе әке-шешесінің солай көзін ойып алып, жейделерге салып саудаға шығарса, қалай болар еді? Оған өлсе де бармас еді олар?!.

Бұл Ұлттың көзін ашқан Ұлылардың көзін ойып алып, халыққа шығару – Ұлты үшін құрбан болған тұлғаларды екінші рет өлтіру!

Біріншісі – бұдан бір ғасырдай бұрын Алаш арыстарын түгел атып-асқан Кеңес Одағының қандықол жендеттерінің жауыздығы еді!

Екіншісі – сол Алаш арыстарының өздері армандаған Тәуелсіздіктің 31 жылында діни көрсоқыр ұрпақтары топастықпен өлтірді!!!

Бұлар бұндай таснадандығымен, ақша үшін ар-намысты аттап, таптап өтіп, қасиетті дініміздің атына кір келтіріп отыр.

Мемлекеттік тиісті органдар мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мұндай сауданың көзін Ұлт ұлыларының көзін ойып алумен тапқан пайдакүнемдерге шұғыл тойтарыс беріп, тоқтатып, жауапқа тартуы тиіс!

Қазыбек ИСА

Меншік иесі:  
«Қазақ үні» ЖШС  
**ҚАЗАҚ ҮНІ**  
Президент –  
**Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН**

Бас редактор –  
Құлтөлеу МҰҚАШ

Бас редактордың бірінші орынбасары –  
Зейнолла АБАЖАН

Qazaquni.kz ақпарат агенттігінің  
Бас редакторы –  
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ

Жауапты хатшы –  
Гүлмира САДЫҚ

**БӨЛІМ РЕДАКТОРЛАРЫ:**  
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)

Нұржан АСАН (көркемдеуші)

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**  
Астана тілшілер қосыны:  
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ  
(8-702-931-89-86)

**Ақмола облысы:**  
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

**Арқалық қаласы:**  
Нұрсұлтан НҰРМАН  
(8-702-688-84-87)

**Алматы облысы:**  
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)

**Жезқазған қаласы:**  
Жанат АСАНҚАЛИ  
(8-702-384-12-00, 8-702-261-20-98)

**Қарағанды облысы:**  
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)

**Қостанай облысы:**  
Телен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)

**Семей қаласы:**  
Рахат АЛТАЙ  
(8-775-998-15-39)

**Түркістан облысы:**  
Әбдіғәппар АЙДАР  
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)  
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)

**Түркістан қаласы:**  
Әтіргүл ТӘШИМ (8-702-489-47-23)

**Тарату бөлімі:**

**Астанада:**  
Жасулан ИСА  
(8-776-120-19-72)

**Шымкентте:**  
Мүгән ИСМАЙЫЛ  
(8-701-692-1340),

**Астанада «Алты Алаш»**  
дүңгіршіктерінде сатылады  
(8-701-572-88-47)

**Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19.12.2012 жылы тіркелген.**  
Күәлік №13976-Г (Алғашқы күәлік №1270-Г, 01.08.2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы кәсіп.

Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді

**АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400**  
**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

**Редакцияның мекен-жайы:**  
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

**Байланыс телефоны:**  
8 (727) 398-57-31

**E-mail: qazaquni2000@gmail.com**  
**www.qazaquni.kz**

**Кезекші редактор**  
Гүлмира САДЫҚ

ТОО «Қазақ үні»  
БИН 000540006784  
ИИК KZ2508560000000385541  
АГФ АО «БанкЦентрКредит»  
г. Алматы, БИК КСЖБЗКХ, Кбе 17  
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында  
басылды. Алматы қ., С. Мұқанов к., 223 б.  
Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген

## ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:

1 ай	қала	429,24	3 ай	қала	1287,72	6 ай	қала	2575,44	12 ай	қала	5150,88
1 ай	ауыл/аудан	447,86	3 ай	ауыл/аудан	1343,58	6 ай	ауыл/аудан	2687,16	12 ай	ауыл/аудан	5374,32